EXPO 2017 ASTANA FUTURE ENERGY

ТӨРЛЕТ, ЭКСПО-2017!

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

10 МАУСЫМ СЕНБІ 2017 жыл №85-86 (19371-19372) ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ www.syrboyi.kz

АСТАНАДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕ – «ҚАЗАҚСТАН» ҰЛТТЫҚ БРЕНДІН ІЛГЕРІЛЕТУДІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Кеше, 9 маусымда Астанада Халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесінің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Іс-шара мемлекет басшыларының Көрме орталық экспозициясы-Сфераның (НұрӘлем) Қазақстан павильонына келуінен басталды. Мемлекет басшылары Көрмені аралап, Қазақстан экспозицияларын тамашалады және қатысушы мемлекеттердің павильондарымен танысты.

«ЭКСПО-2017» көрмесінің ресми ашылу рәсімі Конгресс-Орталығында өтті. Сахнада Қазақстанның және Халықаралық көрмелер бюросының тулары көтеріліп, әнұрандары орындалды. Мұнан кейін қатысушы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың тулары әкелінді.

Салтанатта алғашқы сөз алған Халықаралық көрмелер бюросының президенті Стин Кристенсен ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінің барлық ұйымдастырушыларына алғысын білдірді.

«Көрме тақырыбы бүкіл әлем үшін барынша өзекті. Ол тек қана дамыған мемлекеттерге ғана емес сонымен бірге дамушы елдер үшін де қызықты», - деді ол ЭКСПО-2017 көрмесінің ашылуына арналған салтанатты шара барысында.

Халықаралық көрмелер бюросының президенті халықаралық қоғамдастық тарапынан көрмеге деген зор қызығушылыққа оған қатысушылардың санының көптігі нақты дәлел бола алатындығын атап өтті. Астана көрмесіне 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым өкілі қатысып жатқандығын еске салды.

Сөз соңында Стин Кристенсен ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа, Қазақстан Үкіметіне және көрменің барлық ұйымдастырушылары мен қатысушыларына атқарған жұмыстары үшін шынайы ризашылығын білдірді.

«Мен үшін Қазақстан астанасында басталған осынау көрмеге қатысу зор мәртебе», -деп аяқтады сөзін Кристенсен.

Айта кетерлігі, ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің салтанатты ашылу рәсіміне 17 елдің мемлекет және үкімет басшылары қатысты.

Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген Нұрсұлтан Назарбаев барша жұртты Астанада халықаралық «ЭКСПО-2017» мамандандырылған көрмесінің ашылуымен құттықтады.

Елбасы 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым қатысқан ЭКСПО көрмесін Қазақстанның ТМД және Шығыс Еуропа елдері арасынан бірінші болып өткізіп отырғанын атап өтті.

– Біздің өтінішімізді және ұсынған тақырыбымызды қабыл алғандары үшін барлық елдерге ризашылығымды білдіремін. Осындай ауқымдағы көрме – бір мемлекеттің ғана атқарған ісі емес, бұл – осында өз жетістіктерін көрсетуге келген халықаралық қоғамдастықтың еңбегі. Астанадағы



ЭКСПО халықаралық көрмесі – жаһандық кеңістікте елімізді танытудың және «Қазақстан» ұлттық брендін ілгерілетудің жаңа белесі. Біз «Болашақтың энергиясы» тақырыбын ұсына отырып, ғылыми прогрестің бел ортасында болуды қалаймыз, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы осыдан бір жарым ғасыр бұрын Лондонда өткен алғашқы дүниежүзілік көрмеден кейін адамзат орасан зор технологиялық өзгерістерді бастан өткергеніне тоқталып, бүгінде тиімді және қауіпсіз энергия саласындағы тың жаңалықтар қарсаңында тұрғанымызды атап өтті. Қазақстан Президенті «ЭКСПО-2017» көрмесі осы жаһандық үдеріске өзінің айрықша үлес қосатынына сенім білдірді.

– Заманымыздың озық ойлы адамдарының қатысуы жоспарланған іс-шаралар адамзат дамуының жаңа бағыттарын айшықтайды. Миллиондаған қазақстандықтар мен дүние жүзінің түкпір-түкпірінен келетін жүз мыңдаған қонақ әлемдік ғылыми және инженерлік ақыл-ойдың керемет жетістіктерімен танысатын болады. ЭКСПО бағдарламасында 6 мың түрлі іс-шара өткізу жоспарланған. Олар әлем елдері арасындағы өзара түсіністікті дамытуға, ғылым, бизнес және қоғам арасындағы табысты іс-қимылға, сондай-ақ Қазақстан мәдениетімен танысуға септігін тигізеді. Біз келуге тілек білдіргендердің барлығын еліміздің басқа да өңірлерін аралап көруге, бірегей табиғатымызбен және тарихи мұрамызбен танысуға шақырамыз, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы әлемнің экологиялық тұрғыдан теңдес және орнықты дамуының маңыздылығына тоқталып, «ЭКСПО-2017» тақырыбының біздің еліміз үшін өзекті екеніне ерекше назар аударды.

– Қазақстан орасан зор көмірсутек қорының бар екеніне қарамастан, жаңартылатын энергия көздеріне белсенді түрде көшетін болады. Осындай мақсат біздің «Стратегия-2050» бағдарламамызда және «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамамызда көрініс тапты. Қазақстан 2050 жылға қарай жаңартылатын көздердің есебінен электр энергетикасының жалпы көлемінің жартысын өндіре алатын болады. Сонымен бірге экономикада энергияның жұмсалуы да азаяды, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев «Астана ЭКСПО-2017» көрме кешенінің нысандары мен халықаралық павильондардың қалай пайдаланылатыны жөнінде айтып берді.

– Көрмені аралаушылар назарына басты нысан – жер шарын бейнелейтін «Нұр Әлем» сферасы ұсынылады. Оның әр деңгейі энергияның белгілі бір түріне арналған. Сфераның өзегінде біздің Ұлттық павильон орналасқан. Онда қазақстандық ғалымдардың ең озық жобалары көрсетілген Қазақстанмен танысу аймағы және «Жасампаз энергия» аймағы бар. ЭКСПО көрмесіне мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың 130-дан астам экспозициялары әкелінді. Екі тақырыптық павильонда энергетиканың эволюциясы, оның XXI ғасырдағы проблемалары және осы саладағы технологиялық өрлеу сәті көрсетіледі, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті көрменің іскерлік бағдарламасына тоқталды. Оның аясында Астана экономикалық форумы, Шетел инвесторларының кеңесі, Ислам ынтымақтастығы ұйымының саммиті сияқты бірқатар ірі халықаралық іс-шаралар өткізу жоспарланған.

Мемлекет басшысы көрменің халықаралық өзара ынтымақтастыққа елеулі тың серпін беріп, еліміздің ғылымын дамытуға және экономикамызды жаңғыртуға септігін тигізетініне сенім білдірді.

Нұрсұлтан Назарбаев «ЭКСПО-2017» көрмесі аяқталған соң оның инфрақұрылымы одан әрі пайдаланылатыны туралы айтты.

– Бұл жерде «Астана» халықаралық қаржы орталығы жұмыс істейтін болады. «Жасыл» технологиялар мен инвестицияларды дамыту жөніндегі халықаралық орталық құрылады. IT-стартаптардың халықаралық технопаркі ашылады. Осылайша, еліміздің, өңіріміздің және әлемнің игілігі үшін ЭКСПО-дағы «инновацияның тамыр соғысы» жалғасатын болады, – деді Қазақстан Президенті.

Соңында Мемлекет басшысы «ЭКСПО-2017» көрмесін дайындау үдерісіне қатысушылардың барлығына шынайы қолдау көрсеткендері және көрме идеясын жүзеге асыруға атсалысқандары үшін алғыс айтты.

– Біздің мәртебелі қонақтарымызға – Астанадағы «ЭКСПО-2017» көрмесінің ашылу салтанатына қатысуға уақыт тауып келген мемлекеттер мен үкіметтер басшыларына ерекше ризашылық білдіремін, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Конгресс-Орталығындағы салтанаттан кейін шара Амфитеатрдағы концерттік бағдарламамен жалғасты. Концерт аяқталған соң көрермендер Сферадағы проекциялық лазерлі шоуды және таңғажайып отшашуды тамашалады.

Астанада «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің ашылу рәсіміне орай ұйымдастырылған отшашу қала тұрғындары мен меймандарды таңғалдырды.

ҚАЗАҚСТАН – ҚУАТТЫ ЕЛ

Төрткүл дүние дидарындағы «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрменің ашылу салтанатына қатысқан облыстық «Сыр бойы» газетінің арнаулы тілшісі Дәуіржан Елубаев Үндістан мемлекеттік «Дини ньюс» арнасының тележурналисі Арун Ананд Шарманың ой-пікірімен бөлісті.

– Қазақстан өзінің бүгінгі әлеуетін «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі арқылы таныстырып берді. Мен дамудың даңғыл жолына түскен Азиядағы азулы ел екеніне көзім жетті. Көрменің тақырыбы да өте өзекті. «Болашақтың энергиясы» – экологиялық таза өнім, жасыл экономиканың негізгі көзі. Бұған тек дамыған мемлекеттер ғана емес, дамушы елдер де қызыға қарайды, осындай жетістікті көздейді.

Көрменің ашылу салтанатын Үндістан елі де көгілдір экран арқылы тамашалады. Мұнда хабар тарату мол мүмкіндік бар. Меніңше, қызықтың бәрі алда. Ертең «ЭКСПО» аумағындағы барлық павильонды аралап, ондағы ғаламдық өркениеттің тың жаңалықтарына қанығ түсеміз. Қазақстанның жаңа Астанасы, оның жарқын бейнесі, сәулеттік ерекшелігі бірнеше телехабарға айналатыны сөзсіз. Осындай аспанмен таласқан биік үйлерде тұратын тұрғындар да бақытты ғой. Сырт адамды бірден баурап алатын әсемдік әсері, елдің ықыласы мені таңдандырды. Жалпы, мұндай халықаралық көрме өткізу мүмкіндігі екінің біріне бұйырмайтын бақ. Бұл жөнінен Қазақстан қуатты ел екенін көрсетті, – деді ол.

ШЫҰ-ға мүше елдердің ортақ мәмілесі

Қазақстан Президенті Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кеңейтілген құрамдағы отырысына қатысты.

Отырыстың күн тәртібіне сәйкес тараптар Шанхай ынтымақтастық ұйымының қазіргі жағдайына және оны дамыту перспективасына қатысты мәселелерді талқылап, ұйым аясында ынтымақтастықты ілгерілету жөніндегі бірлескен қадам жасау жайы, сондай-ақ халықаралық және өңірлік өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Мемлекет басшысы басқосудың төрағасы ретінде отырысты ашып, Үндістан мен Пәкістанды Шанхай ынтымақтастық ұйымының толық құқылы мүшесі етіп қабылдау рәсімінің аяқталғанына назар аударып, саммиттің тарихи маңыздылығын атап өтті.

– Ұйымның құрамы алғаш рет кеңейіп отырғандықтан, біздің осы кездесуіміз тарихи шараға айналады десем, артық айтқандық емес. Бүгіннен бастап Үндістан Республикасы мен Пәкістан Ислам Республикасы Шанхай ынтымақтастық ұйымының толық құқылы мүшесі болды. Енді ұйымның жауапкершілік аясы 3 миллиардтан астам тұрғыны бар аумақты қамтиды. Сонымен, ол «Шанхай сегіздігі» сияқты институционалдық дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Бүгінде біз ШЫҰ кеңістігіне іргелес кейбір аймақтарда жағдай ушығып, геосаяси шиеленістің өрши түскеніне куә болып отырмыз. Осы орайда ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының Халықаралық терроризмге қарсы бірлескен іс-қимыл туралы мәлімдемесін қабылдауымыз дер кезінде жасалған қадам болды, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы қол қоюға ұсынылған Экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі ШЫҰ конвенциясының өзектілігіне де тоқталды.

2-бет

ШЫҰ-ға МҮШЕ ЕЛДЕРДІҢ ОРТАҚ МӘМІЛЕСІ

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті «Бейбіт миссия» атауымен өткізілген бірлескен антитеррорлық жаттығулардың ұйымға мүше мемлекеттердің тәжірибе жүзіндегі ынтымақтастығын нығайтуға қосқан үлесін атап өтіп, биылғы сәуір айында Астана қаласында ұйымдастырылған «Есіртксіз әлем үшін» атты халықаралық акцияға қатысқаны үшін барлық тарапқа ризашылығын білдірді.

Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде ШЫҰ-ның халықаралық ұйымдармен және бірлестіктермен ынтымақтастықты нығайту жөніндегі жұмысына жеке тоқталды.

– 2016 жылғы қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы ШЫҰ-мен ынтымақтастық жөніндегі қарар қабылдады. Трансұлттық есірткі қылмысына қарсы күрес мәселелері жөніндегі ШЫҰ-БҰҰ жоғары деңгейдегі бірлескен іс-шарасының қорытындыларын бағалаймыз. Шанхай ұйымының Халықаралық Қызыл Крест комитетімен қарым-қатынастарын рәсімдеудің болашағы зор. ШЫҰ-ның Еуразиялық экономикалық одақпен және Ислам ынтымақтастығы ұйымымен өзара іс-қимыл орнатуын да қолдаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті ұйым аясында экономикалық кооперацияны ілгерілету мәселесіне назар аударып, осы саладағы жаңа институционалдық мүмкіндіктерді атап өтті.

– Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы халықаралық автомобиль тасымалы үшін қолайлы жағдай жасау жөніндегі келісім күшіне енді. Еуразиялық экономикалық одақ жобаларының «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасымен ұштасуын ескерер болсақ, өңірлік сауда-экономикалық ынтымақтастықтың болашағы жарқын екені байқалады. Келешекте ШЫҰ еркін сауда аймағын құру өзара сауданың артуына септігін тигізеді. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық та қызметіміздің маңызды бағыты болып саналады. Осыған орай Шанхай ынтымақтастық ұйымы университетін құру және оның қызметі туралы келісімге қол қойылғанымен құттықтаймыз, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің 2017-2018 жылдардағы туризм саласындағы ынтымақтастығы бағдарламасын іске асыру жөніндегі бірлескен жұмыс жоспары аясындағы өзара іс-қимылдың белсенді болатынына назар аударды.

Қазақстан Президенті еліміздің БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде өңірлік және жаһандық қақтығыстарды шешуге бар күш-жігерін салуға ұмтылатынын мәлімдеді.

– Ауғанстан басшылығының ел ішіндегі саяси диалогты нығайту және оны тұрақты әрі орнықты дамушы мемлекетке айналдыруды көздейтін шаралар жөніндегі қадамдарын қолдаймыз. Қазақстан Астана процесі басқосуында сирияаралық дағдарысты реттеу жөніндегі келіссөздер үдерісіне өз үлесін қосуын жалғастыра бермек. Осы келіссөздерге мүдделі барлық тараптардың қатысуын қамтамасыз ету маңызды, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның ядролық қарусыздану мен таратпау идеясын берік қолдайтынын атап өтіп, еліміз Солтүстік Кореядағы ядролық қаруға қатысты проблеманы реттеу жөніндегі келіссөздерді тезірек қайта бастауды құптайтынын айтты.

Қазақстан Президенті «жасыл энергетиканы» дамыту бағытында елімізде атқарылып жатқан жұмыстарға да тоқталды.

– Бүгін барлығымыз «Болашақтың энергиясы» ұранымен дүниежүзілік «ЭКСПО-2017» мамандандырылған көрмесінің ашылу рәсіміне қатысамыз. Бірнеше ай бойы бұл жерде экологиялық таза энергетика саласындағы ең озық технологиялар көрсетілетін болады. Астанадағы ЭКСПО көрмесі нәтижелерінің ШЫҰ-ның барлық елдері және жалпы халықаралық қоғамдастық үшін пайдасы зор болады деп үміттенемін, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Соңында Мемлекет басшысы ұйымды дамытудың барлық басты бағыттары бойынша өзара іс-қимылдың жоғары деңгейіне мемлекеттер ортақ күш-жігер жұмсағанға қол жеткізуге болатынын атап өтті.

Отырыста, сондай-ақ, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғыз Республикасының Президенті Алмазбек Атамбаев, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев, Үндістан Республикасының Премьер-министрі Нарендра Моди, Пәкістан Ислам Республикасының Премьер-министрі Наваз Шариф, Ауғанстан Ислам Республикасының Президенті Ашраф Ғани, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Моңғолия Президенті Цахиагийн Элбэгдорж, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерриш, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Рашид Алимов, ШЫҰ Өңірлік антитеррорлық құрылымының атқарушы комитетінің директоры Евгений Сысоев, ТМД Атқарушы комитетінің төрағасы – атқарушы хатшы Сергей Лебедев, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесінің Азиядағы атқарушы директоры Гун Цзяньвэй, Оңтүстік Шығыс Азия елдері қауымдастығының Бас хатшысы Ле Лыонг Минь, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Бас хатшысының орынбасары Аманжол Жанқұлиев сөз сөйледі.

Іс-шара регламентіне сәйкес, отырыс соңында Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы төрағалық Қытай Халық Республикасына өтті.

***

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары отырысының қорытындысы бойынша мынадай құжаттар қабылданды:

1. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының Астана декларациясы;

2. Экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі ШЫҰ конвенциясы;

3. Үндістан Республикасын ШЫҰ мүшесі ретінде қабылдау рәсімін аяқтау және оған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекет мәртебесін беру жөніндегі ШЫҰ мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

4. Пәкістан Ислам Республикасын ШЫҰ мүшесі ретінде қабылдау рәсімін аяқтау және оған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекет мәртебесін беру жөніндегі ШЫҰ мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

5. Үндістан Республикасы мен Пәкістан Ислам Республикасына ШЫҰ-ның мүше мемлекеті мәртебесінің берілуіне байланысты ШЫҰ мүше мемлекеттерінің үлестік жарналары туралы ШЫҰ мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

6. Шанхай ынтымақтастық ұйымының өткен жылдағы қызметі жөніндегі ұйымның Бас хатшысының баяндамасын бекіту туралы ШЫҰ мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

7. Өңірлік антитеррорлық құрылымының 2016 жылғы қызметі жөніндегі ШЫҰ Өңірлік антитеррорлық құрылым кеңесінің баяндамасын бекіту туралы ШЫҰ мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

8. ШЫҰ мүше мемлекеттерінің ШЫҰ Өңірлік антитерррорлық құрылым жанындағы тұрақты өкілі жөніндегі ережені бекіту туралы ШЫҰ мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

9. ШЫҰ мүше мемлекеттер басшылары кеңесі шешімдерінің күшін жою туралы ШЫҰ мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі;

10. ШЫҰ мүше мемлекеттер басшыларының қорытындысы бойынша ақпараттық хабарлама (қол қоюсыз қабылданады).

10. ШЫҰ мүше мемлекеттер кеңесі отырысының қорытындысы бойынша ақпараттық хабарлама (қол қоюсыз қабылданады).

2-бет

ОБЛЫС ӘКІМІ Қ.Е.КӨШЕРБАЕВТЫҢ МЕКТЕП БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕРДІ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті мектеп бітіруші түлектер!

Он бір жыл білім алған алтын ұя – мектептеріңізді абыройлы бітірулеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Кеше ғана көздеріңіз жәудіреп, мектеп есігін имене ашқан едіңіздер. Міне, енді есейіп, азамат болып, үлкен өмірге қанат қағасыздар.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әрдайым «Болашақтың кілті – білімді ұрпақта» деп, Сіздердің жарқын болашаққа еркін қадам басып, сапалы да заманауи білім алып, үлкен азамат болуларыңызға барлық жағдай жасап отыр.

Мемлекет басшысының ұрпақ болашағы үшін білім саласының алдына қойған 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту, үш ауысымдық білім беруді болдырмау, апатты мектептер орнына жаңа мектептер құрылысын салу жөніндегі негізгі үш тапсырмасы Қызылорда облысында толықтай орындалды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Е.К. Сағадиевтің қатысуымен өткен Соңғы қоңырау мерекесінде облыстағы 11 апатты мектептердің 8-і салтанатты түрде ашылды. Қалған мектептердің құрылысы жаңа оқу жылына дейін аяқталып, пайдалануға берілетін болады.

Соңғы жылдары біздің түлектер өз білімдерін дәлелдеп, республика бойынша алдыңғы бестіктен көрініп жүр. Бұл – қуанарлық жай. Былтыр мектеп бітірген 6500 түлектің 95 пайызы жоғары оқу орындары мен колледждерде оқуға қол жеткізді. Бұл – жоғары көрсеткіш деуге болады. Сондай-ақ, 400-ге жуық сырбойылық түлек Ресей Федерациясының беделді жоғары оқу орындарында, 1254 бала «Серпін» бағдарламасы бойынша білім алып жүр.

Облыс әкімі грантының 500-ге жуық иегерлері – ауылдық жерде тұратын көпбалалы, мүжәлсіз, әлеуметтік қолдауды қажет ететін әулеттерден шыққан талапты да дарынды балалар.

Биыл облыс бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеудің жаңа форматымен 6196 түлек мектеп бітірсе, оның 397-сі «Алтын белгіге» ие болды.

Енді алда жауапты асу – Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы. Біздің түлектеріміздің дайындығы жақсы. Оған барлық жағдай жасалды. Жыл бойына жұмыс жасайтын 6 лагерьде арнайы дайындық курстары ұйымдастырылды. Бұл жылы да түлектер жоғарғы деңгейден көрінеді деп сенім білдіремін.

Құрметті мектеп бітіруші түлектер!

Өмірлеріңіздің жаңа кезеңі басталды. Сіздердің барлығыңызды алда асқақ арман күтіп тұр.

Әрдайым сын сағаттан сүрінбей өтіп, ойлаған мамандықтарыңыздың иесі атануларыңызға, барлық армандарыңыздың орындалуына шын жүректен тілектеспін!

Ел сенімін, ата-аналарыңыз бен ұстаздарыңыздың үмітін ақтап, «Мәңгілік Елді» нығайтып, гүлдендіретін зияткер ұрпақ болады деп сенемін!

Ақ жол, аяулы түлектер!

Сәт сапар!

КЕРЕМЕТ КӨРІНІСКЕ КУӘ БОЛДЫМ



ТМД кеңістігі бойынша тұңғыш рет Қазақстанда өтіп жатқан «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі еліміз үшін қайталанбас оқиға болып отыр. Бүгінгі көрменің ашылу салтанатында Астанаға арнайы келіп, кереметке куә болғанымды өмірімнің ең сәтті шағы деймін. Халықтың көңіл күйі көтеріңкі, көрменің өткізілуін үлкен жетістік санайды.

Көрме алаңы айтулы сәулет өнерінің айшықты бейнесін байқатты. Әрбір нысан мен павильон ерекше әсер береді. Әрине, өз көзіңмен көргенгеештеңе жетпейді. Алдағы күндері барлық павильонды толық аралап шығамын.

Қазақстан – бірлігі жарасқан қуатты мемлекет. Көрме арқылы осындай биік мақсаттарды көрсете білді. Мұндай мәртебе еліміздің даму мүмкіндігіне құтты қадам қосты, болашаққа берік байлам жасады. Мен осындай еліммен мақтанамын.

Әсем ҚАХАРМАНОВА,
«Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалы басшысының орынбасары.

АЙШЫҚТЫ СӘТ

Күні кеше еліміздің бас қаласында көптен күткен халықаралық көрменің шымылдығы түрілді. Ел тарихындағы елеулі оқиғаға Президент Н.Назарбаев пен басқа да бірқатар мемлекеттің басшылары қатысты.

«ЕХРО-2017» көрмесінің ашылу салтанаты жоғары деңгейде өтіп, ұмытылмастай әсер сыйлады. Сфера үстіндегі шоу – лазерлерді, проекцияларды, шамдар мен музыканы қамтитын таңғалдырарлық сәулелер және субұрқақ шоуы тіпті көз тартады. Бұл күнде Астана «жасыл экономиканы» дамытуға тікелей септігін тигізетін жаңа технологиялар мен инновациялар алаңына айналған. Ел ордасының абыройы асқақ, мерейі үстем. Әрине, бұл жетістік әрбір қазақстандықтың көңілін шаттыққа бөлеп, жүрегіне қуаныш ұялататыны сөзсіз.

Көрме Орталық Азия өңіріндегі ғана емес, ТМД аумағында өткізілетін алғашқы халықаралық көрме ретінде ерекшеленеді. Біз бұл биікке бүкіл ТМД кеңістігінің, бүкіл түркі дүниесінің, бүкіл мұсылман әлемінің арасынан бірінші болып қол жеткіздік. Жалпы, «ЕХРО»-ны өткізген мемлекеттер бүкіл Азияның өзінде саусақпен санарлық. Мәселен, көрме өткізу тәжірибесі бар Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай сияқты алпауыт елдер қатарын Қазақстан толықтырды.

Еліміз үшін айтулы халықаралық шараны абыроймен және ұйымшылдықпен өткізудің маңызы жоғары. Бұл – бәріміз үшін сын әрі зор жауапкершілік. «Өзгеге қара, өзіңде барды да көрсет» дейді. Тәуелсіздігі тұғырлы, мәртебесі асқақ Қазақстанның паш ететін жетістігі баршылық. Осы ретте «ЕХРО-2017» көрмесі таптырмас мүмкіндік.

Ақнұр БӨЛЕГЕНҚЫЗЫ.
Қызылорда қаласы тұрғыны.

ЖАС ТҮЛЕКТІҢ ҮМІТІ – ТЕСТІЛЕУДЕ

Жас түлектеріміздің болашағын айқындайтын ҰБТ сынағының маңызы зор. Сондықтан оны өткізудің жауапкершілігін облыс әкімі өз бақылауына алып отыр. Айталық, осыған дейін 15 мамырда мемлекеттік сынаққа әзірлік жұмыстарына байланысты арнайы жиын өткізіліп, онда аймақ басшысы Қ.Көшербаев қала, аудан әкімдеріне және тиісті сала басшыларына хаттамалық тапсырмалар жүктеген болатын.

Кеше облыс әкімінің қатысуымен өткен жиында осы аталған тапсырмалардың орындалуы, жалпы ҰБТ сынағына дайындық шаралары тағы бір қадағаланды. Жиында сөз сөйлеген облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы бүгінгі таңда аймақ түлектері мемлекеттік қорытынды аттестаттау емтиханын талап деңгейіне сай тапсырып, «Алтын белгі» иегерлері анықталып отырғанын атап өтті. Бұл орайда қала басшысына және барлық аудан әкімдеріне 12 маусым күні мектеп бітірушілерге орта білім туралы аттестат және «Алтын белгі» тапсыру салтанатын жоғары деңгейде өткізуге тапсырма берді. Шара барысында қоғамдық қауіпсіздік мәселесіне барынша мән беруді міндеттеді.

Ал, облыстық білім басқармасының басшысы Б.Сайлыбаевтың хабарламасында биылғы оқу жылының қорытындысымен жаңа форматта, өз ерекшеліктеріне сай барлық мектептер өткізілген мемлекеттік қорытынды аттестаттау емтиханының барысы баяндалды, сондай-ақ алдағы ҰБТ сынағын өз деңгейінде өткізуге орай барлық қажетті шаралар қолға алынғаны атап өтілді. Айталық, 29 мамырдан басталған мектеп бітірушілердің бес пән бойынша мемлекеттік қорытынды аттестаттау емтиханы 9 маусым күні Қазақстан тарихы пәнінен алынған емтиханмен аяқталды. Бүгінгі күнге дейінгі емтихан нәтижесі бойынша түлектердің 81,2 пайызы жақсы және өте жақсы деген бағаға тапсырғаны белгілі болып отыр. Қазіргі таңда 12 маусым күні барлық білім ошақтарында бір мезетте өтетін «Мектеп бітіру кешін» жоғары деңгейде өткізу бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Ендігі кезекте білім саласының алдында тұрған басты міндет – жоғары оқу орындарына талаптанған 4194 түлекке ҰБТ сынағын өз деңгейінде өткізу бағытында тиісті жұмыстар атқарылуда. Бүгінгі таңда облыс аумағы бойынша ҰБТ өткізілетін 9 тест орталығы талапқа сай техникалық қондырғылармен түгел жабдықталған. Тест орталығынан 50 шақырымнан қашық орналасқан шалғай елді мекендерден тасымалданатын оқушыларға қызмет көрсететін көліктер, ыстық тамақпен және жатын орынмен қамтамасыз етуге мемлекеттік сатып алу процесі жүргізілуде.

Бұл туралы қала әкімі Н.Нәлібаев, Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің басшысы Ұ.Аханаева осы бағытта атқарылған жұмыстар жайлы баяндады.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі 20-22 маусым аралығында өтетін ҰБТ сынағын жоғары талапқа сай өткізуді, бұл орайда қоғамдық қауіпсіздік шараларын қатаң қадағалауды жауапты департамент басшыларына тапсырды.

Ғазиза ӘБІЛДА.

САЙЛАУ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ ТҮСІНДІРІЛДІ

7 маусымда Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталғаны белгілі.

Сайлау науқанында облыстық сайлау комиссиясымен Қызылорда облысынан Парламент Сенатының депутаттығына ұсынылған 5 кандидаттың үшеуі тіркеліп, екі кандидат өз-өзін ұсыну туралы шешімінен бас тартқан. Бұл туралы жұма күні Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткізілген жиында облыстық сайлау комиссиясының төрағасы А. Жүнісов хабарлады.

Айта кетерлігі, алдағы науқанға республикалық бюджеттен әрбір кандидаттың теледидардан 15 минут сөз сөйлеуіне, баспа басылымдарында 0,1 баспа табақтан аспайтын көлемде екі мақала жарық көруіне барлығына бірдей қаражат бөлінген.

Сондай-ақ, Орталық сайлау комиссиясында Сенат депутаттарын сайлау, дайындық жұмыстарының барысы туралы А.Сырлыбаева:

– Орташа есеппен республика бойынша бір сенаторлық орынға үш адамнан келеді. Біздің облыста да дәл осындай жағдай тіркелген. Тіркелген үміткерлердің тізімінде республика бойынша төрт сенатор, мәслихаттың хатшылары, облыс әкімінің орынбасарлары, мемлекеттік қызметкерлер бар.

Дауыс беруге келген таңдаушылар электрондық түрде тіркеледі. Қанша адам қатысып отырғандығы туралы Орталық сайлау комиссиясының сайтына сол мезетте ақпарат шығарылып отырады, – деді.

Қазіргі таңда, Парламент Сенатының депутаттығына Қызылорда облысынан Сенат депутаты М.Бақтиярұлы, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы А.Әлназарова, Сырдария аудандық мәслихатының хатшысы Е.Әжікенов үміткер екенін айта кеткен жөн.

Есет ТАБЫНБАЕВ.

КҮЛЛІ ӘЛЕМ КӨЗ ТІККЕН КӨРМЕ

ТАРИХИ ТАУАР

Бүкіләлемдік көрмелер немесе ЭКСПО 1851 жылдан бастап өткізіліп келеді. Осы уақыт аралығында көрменің танымалдылығы әлемді шарлап кетті. Сарапшылардың есептеуінше, Лондондағы алғашқы көрмеден бері ЭКСПО-ға бүкіл әлемнен миллиардтан аса адам көруге келген. Осы арқылы жұртшылықты техника жаңалықтарын бірінші болып тамашалау мүмкіндігі қызықтырды. Ал, Астанада өтетін «ЭКСПО-2017» бізді қандай жаңа техникалық озық дүниесімен баурайды?

Әзірше бұрынғыдан бүгінге дейін елді еліндеткен 10 жаңалықты еске түсіріп көрейік.

ТЕЛЕФОН

Тұңғыш телефон аппараты 1876 жылы Филадельфиядағы Бүкіләлемдік көрмені таңқалдырған дүниеге айналды. Өнертапқыш Александр Белл «сөйлейтін телеграф» қалай жұмыс жасайтынын көрсетті. Өнертапқыштың басқа бөлмеде тұрып дат ханзадасының «Болу, я болмау» деген монологын оқығанын телефон тұтқасынан естіген кезде, көрменің қазылар алқасының таңданысында шек болмады.

ФОНОГРАФ

1878 жылы Париждегі Бүкіләлемдік көрме кезінде фонографты (дыбысты жазуға және жаңғыртуға арналған құрылғы) таныстырғаннан кейін, оны ойлап тапқан Томас Эдисон үлкен танымалдылыққа ие болды. Көптеген көрерменге фонографтың адам даусын қайталауы таңғажайып сиқырдай көрінді, сөйтіп Эдисонға «Менло Парктың сиқыршысы» деген ат тағылды. Кейінірек фонограф идеясы граммофон, патефон және тіпті, магнитофонда қолданыс тапты.

ШОЛУ ДӨҢГЕЛЕГІ

Тұңғыш айналаны шолу дөңгелегі 1893 жылы Чикагода өткен Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды. Атағы жер жарған аттракционды Кіші Джордж Вашингтон Гейл Феррис жобалап шыққан. Дөңгелектің биіктігі 80 метрден асатын, ал оның салмағы 2 мың тоннаға дейін жететін. Американдықтар оны осының алдында Парижде өткен Бүкіләлемдік көрмеге орай салынған Эйфель мұнарасына жауап ретінде ойлап тапты.

СЫДЫРМА ІЛГЕК

Алғашқы сыдырма ілгек аяқ киімге арналған болатын. Оны 1893 жылы Чикагодағы Бүкіләлемдік көрмеде Уитком Лео Джадсон көрсетті. Ілгектің түрі қазіргі нұсқасына қарағанда өзгеше болатын: оның бір қапталында ілгек, екінші жағында «кілт-тілшік» көмегімен ілінетін ілмек қатары болатын. Джадсонның өнертабысы аяқ киімді түймелеуді айтарлықтай тездететін, сондықтан ол осындай атауға ие болды. Алғашқыда жаңа өнертабыс бірден көпшіліктің көңілінен шыға қойған жоқ, өйткені, оны пайдалану үшін екі бетті алатын нұсқаулықты оқу керек болатын. Тек 20 жылдан кейін ғана ол ел сұранысын арттырды.

РЕНТГЕН АППАРАТЫ

Жұртшылыққа рентген сәулесінің қасиеті 1901 жылы Буффалодағы Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды. Бұл өнертабыс АҚШ президенті Уильям Мак-Кинлидің өмірін сақтап қалар ма еді? Көрме кезінде ол ауыр жарақат алды, себебі, президентке оқ атылды. Дәрігерлер оның денесінен оқты табу үшін рентгенді пайдалануына болар еді, алайда, олар бұдан бас тартты. 8 күннен кейін Мак-Кинли көз жұмды. Бірақ, кейінірек рентген аппараты медицинада кең қолданысқа ие болды.

БАЛМҰЗДАҚҚА АРНАЛҒАН СТАҚАН

Балмұздаққа арнап, жеуге жарамды етілген стақан 1904 жылы Сент-Луистегі Бүкіләлемдік көрме кезінде таныстырылды. Бұған дейін балмұздақты тек қағаздан жасалған стақанда сататын. Вафлиден жасалған қауыз бен балмұздақты бірге үйлестіру көрмеге келушілердің көңілінен шыққаны соншалықты, балмұздақтар дереу сатылып кетті. Алғашқыда вафли стақандар қолдан жасалынатын, тек 1921 жылы ғана балмұздақ қауызын жасауға арналған машина пайда болды.

НЕЙЛОН

Кез-келген матаны берік әрі созылғыш ететін жаңа синтетикалық материал – нейлонның таныстырылымы 1939 жылы Нью-Йорктегі Бүкіләлемдік көрмеде өтті. Жаңалықты «Дюпон» химиялық компаниясы таныстырды. Көрмеде өте күшті жарнама өткізілді: нейлоннан жасалынған шұлықтар төңкеріс жасаған киім ретінде танылды. Бұл өнертабыс әйелдер жағынан тез өз бағасын тапты – нейлоннан жасалған бұйымдардың сатылымы күннен-күнге артты.

ТЕЛЕХАБАР ТАРАТУ

1939 жылы Нью-Йорктегі Бүкіләлемдік көрменің көрерменін тікелей эфирде телехабар тарату қатты таңдандырды. Өйткені теледидар әлі таңсық дүние еді. Көрме өтіп жатқан уақытта АҚШ президенті Франклин Рузвельттің ЭКСПО-ны ашып жатқанын тікелей эфирде көрсетті. Көрмеге келушілерді теледидардың техникалық ерекшелігі айрықша әсерде қалдырды.

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН

Тұңғыш ұялы телефонның алғашқы нұсқасы 1970 жылы Жапонияның Осака қаласындағы Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды. Бұл нағыз төңкеріс болатын! Ешбір қондырғыға қосылмай-ақ жұмыс жасамайтын телефон Осакадағы таныстырылымнан кейін бірнеше жылдан кейін-ақ қолданысқа шықты. Қазіргі ұялы телефондармен салыстырғанда олардың пішіні үлкен және ыңғайсыз болатын.

СЕНСОРЛЫҚ ЭКРАН

Саусақтың басқанын сезетін экран алғашқы рет жұртшылыққа 1982 жылы Ноксвилдегі Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды. Көрмеге келген әрбір адам сенсорлық экранды жеке өзі пайдаланып, байқап көре алды. 30 жылдан кейін бұл өнертабыс өте танымал бола бастады.

Жалпы, ЭКСПО-да осындай мыңдаған өнертабыс таныстырылады. Бізге белгілі болғандай, Singer тігін машинасы, дизель моторы, электр розеткасы, Попов радиосы, Люмьер ағайындыларының киноқондырғысы, Ладыгиннің қыздыру шамы, алғашқы сериялық теледидар, IMAX жүйесі және тіпті, IBM компьютерлері де көрмеде таныстырылған. Енді «ЭКСПО-2017» көрмесінен де осындай озық технология өнімін күтеміз.

Басқа басылымдардан.

Ұлы еліммен мақтанамын

Талай алып бас иген ірілер де,
Абыройы елімнің бүгін өрде.
Таңғажайып таңдантқан бізде өтуде,
Аты мәлім әлемге Ұлы көрме.

Бүгінгі іс жауапты, талап әрі,
Дүйім дүние тұр көзін қадағалы.
Бұл көрмеде біздің ел көрсетпекші,
Қуат көзін табиғи баламалы.

Бәрі ғажап көрменің бәрі де анық,
Жер тәрізді ғажайып шары да алып.
Балқығандай бақыттың құшағында,
Жарқыраған Астана бағы жанып.

Бүкіл әлем төсіне ту қадаған,
Бөленгендей ерекше нұрға қалам.
Ырыс, бақыт тасқыны құйылуда,
Барлық өңір, байтақ ел, қыр, даладан.

Ажарланды айрықша Арқа төсі,
Күй ғажабы тербетіп, ән төресі.
Ұлы көрме әлемдік шуағымен,
Көтерілді көкке елдің мәртебесі.

Қызықтауда жақын да, жат та бәрін,
Асқақтады абырой, бақ, талабым.
Ұлы көрме әлемдік туын тіккен,
Ұлы еліммен мен бүгін мақтанамын.

Махмұтбай ӘМІРЕҰЛЫ.



КӨРГЕН ДЕ АРМАНДА...

Бүгін Астанада басталған халықаралық «EXPO-2017» көрмесі үш ай бойы жалғасады. Жақсыны көрмекке қызылордалықтар да асық. Облыс бойынша ақпараттық ресурстық орталық жетекшісі Жандос Тұсмағамбетовтың айтуынша, күні бүгінге дейін 40 мыңнан астам билет сатылған. Күзге дейін баратындар саны еселенетіні анық.

Әлі де болса, билеттерді Қызылорда қаласындағы «Жібек жолы» сауда үйінен, «Меломан» дүкендер желісінен, «Қазпошта» бөлімшелерінен қолма-қол, көрменің ресми сайтынан онлайн түрде алуға мүмкіндік бар. «Астанаға қалай барам, барған соң қайда қонам?» деген сұрақтардың да шешімін жергілікті билік тауып қойды. «Қызылорда-Көкшетау», «Қызылорда-Петропавл» пойыздарына 36 вагон жалғады. Ал «ТұранТрансСервис» жолаушылар компаниясы облыс орталығы мен Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандарынан күнделікті 5 көлік шығарып тұрады. Арал мен Қазалы аудандары Қостанай арқылы жеткізуді қарастырып отыр. Елордада Сырдан барғандарға 48 пәтер бөлінді. Орташа құны – адам басына 8 мың теңгеден.

Көрмеге келгендер тек Астанадан қайтпайды. Біздің өңірдегі «Қорқыт ата» зиярат ету кешені мен «Байқоңыр» кешенін де тамашалай алады. Жұлдызды қалашық пен екі ортаны әуе рейстері жалғайды. Қармақшыға келген қонақтар этноауылға соғып, қазақтың ұлттық құндылықтарымен танысады. Шетелдіктер Қазақстаннан ерекше әсермен қайтады деп сенеміз.

Назерке САНИЯЗОВА.

АСТАНАҒА, ЭКСПО-ға!

Төртқұл дүние көз тіккен ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін жерлестеріміз тамашалауға аттанды. Жолаушыларды Қызылорда қаласының теміржол вокзалынан туыстары мен ұжымдастары салтанатты түрде шығарып салды.

Әлемдік деңгейдегі ауқымды шараға

қатысуға мүмкіндік алған 37 қызылордалық тұрғын арасында «Қызылорда тазалығы» мен «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының мамандары бар. Шығарып салу салтанатына арнайы қатысқан қала әкімінің орынбасары Нұрлан Мақсұтов олардың сапарларына сәттілік тіледі.

– ЭКСПО-2017 – барша қазақстандықтар асыға күтіп жүрген маңызды шара. Беделді шараға 100-ден астам ел мен 20-ға тарта түрлі бағыттағы халықаралық ұйым мүшелері

қатысуға ниет білдірген. Жаһандық көрмеге қызылордалықтар да дайындық жұмыстарын белсенді жүргізіп келеді. Оны тамашалауға мүмкіндік алған жандарға ақжол тілеймін, – деді қала әкімінің орынбасары.

Жолаушылардың бірі – «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының инженер-химигі Нәзипа Боранбаева ел тарихындағы айтулы оқиғаға куә болуға жағдай жасаған мекеме басшылығына өз алғысын жеткізді. Ал «ЭКСПО-2017» ақпараттық ресурстық орталығының басшысы Жандос Тұсмағамбетов жоғары дәрежеде өтетін шараны жауапкершілікпен өткізу – зор құрмет екенін, оған өз үлесінді қосу үлкен мәртебе екенін айтты.

Айта кетейік, бұған дейін қала әкімдігі мен «ТрансТурСервис-Қызылорда» жолаушылар компаниясы арасында тасымалдау мақсатында арнайы келіссөз жасалған еді. Нәтижесінде көрменің өту мерзімі кезеңдерінде облыс орталығынан күнделікті үлкен сыйымдылықтағы 4 автобус пен «Қызылорда-Петропавл», «Қызылорда-Көкшетау» және «Тальго» жүрдек пойыздары қатынайды деп жоспарлануда. Көрмеге өңірден тәулігіне 150-ге жуық жолаушылар барады деп жоспарлануда.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.
Суретті түсірген:
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

Кеше бүкіл әлем көз тіккен «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі ашылды. Жасыл экономика тақырыбына арналған жаһандық көрмеде 100-ден астам мемлекеттің және Халықаралық ұйымдардың павильондары көпшілікке ұсынылып, қонақтарды қабылдау басталмақ. Үш айға созылатын айтулы шараны 5 миллионнан астам адамның тамашалайтындығы, соның ішінде келуші туристер санының артатындығы айтылуда. Елімізде алғаш рет өткізіліп отырған ауқымды жиынды қызықтау үшін Астанаға ағылатын отандастарымыздың қарасы көп болмақ. Соның ішінде Сырдан Сарыарқаға бет алатын жерлестеріміз де аз емес.

ҚЫЗМЕТТЕСТЕР КӨРМЕНІ ТАМАШАЛАЙДЫ

Осыған дейін халықаралық көрмені тамашалауға облыстан 75 мың адам барады деп болжанған болатын. Қазірдің өзінде айтулы шараның 40 мың билеті сатылып кетті. Әлі де қызығушылық танытып жатқандар баршылық. Сонымен қатар, көрмеге аудан тұрғындары да аттанбақ. Осыған дейін ең көп билет сатылымы Жаңақорған ауданында тіркелген. Сатып алушылар саны – 5282. Одан кейін Аралда – 5147, Қармақшыда – 4294, Шиеліде – 3758, Қазалыда – 3163 және Сырдарияда 1839 билет сатылған. Осы орайда айта кету керек, билет құны да белгіленген күндеріне байланысты әртүрлі болып келеді. Мысалы, ашық күнге арналған билеттер 8 мыңнан болса, жұмыс күнгі кіру құны 6 мың тұрады. Ал күні белгіленген билеттерді 4 мыңнан сатып алуға болады.

Халықаралық шараны ұжым болып көруді құптап жатқандардың қарасы қалың. «Қызылорда су жүйесі» және «Қызылорда тазалығы» ЖШС мекемелері аталған шараны қызметкерлердің бірге қызықтауына мүмкіндік туғызып, аталған ұжымдар бейсенбі күні бас қалаға жол тартты. Олар ел тарихындағы елеулі оқиғаның алғашқы куәгерлерінің бірі болатындығына қуанышты екенін айтады.

Сонымен бірге «Қызылорда тазалығы» мекемесінен 11 адам бас қалада 5 күн қонақ болмақ.

– Осы мекемеде жұмыс жасап келе жатқаныма 14 жылға таяды. Қызметкерлермен бірге осындай ірі шараны тамашалау сәті туғанына қуанып тұрмын. Билет пен басқа да шығындар мекеменің мойнында. Қызметкерлер тек Астанадағы айтулы шараны қызықтап қайтады, – дейді аталған ұжым директорының орынбасары Гүлзинат Жұмабекова.

«EXPO-2017» ресурстық орталығының директоры Жандос Тұсмағамбетов ұжым болып жолға шығатын өзге де мекемелердің көп екенін айтады. Мысалы, «Петро Қазақстан» компаниясы тарапынан 100 билет сатып алынған. Олар өз қызметкерлерін 50-50 адамнан бөліп апаруды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, Сырдария аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен Қызылорда облыстық филармониясы да айтулы шарға қызметтестермен бірге баруды ойластыруда.

Ал Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма театр ұжымы көрмені тамашалаумен қатар бас қалада спектакль де қоймақ. Театр актрисасы Зәлипа Төлепова бұл сапардың тамыз айына жоспарланып отырғанын айтады. Онда «Кетпейсің болды, кетпейсің» және «Қорқыт» қойылымдары сахналанады.

Бүгінде бас қалаға баруға кедергілер болдырмас үшін бар мүмкіндік қарастырылды. Ең алдымен көліктік қатынасты реттеу назарда. «Қызылорда-Көкшетау», Қызылорда-Петропавл» пойыздарына қосымша 36 вагон тіркеу көзделіп отыр. Одан бөлек «ТурТрансСервис» жолаушылар компаниясымен күніне 5 жолаушылар көлігін шығару жөнінде келісім жасалды. Ал көрме кезінде облыс тұрғындарын жатын орынмен қамтамасыз ету үшін «Дипломат Отель және Бизнес Орталық» басшылығы 36 пәтер бөлетіндігін жеткізіп отыр.

М.ЖАСҰЛАНҰЛЫ.

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ НАЗАРҒА АЛЫНДЫ

«Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалының қоғамдық қабылдауында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әлназарова азаматтарды қабылдап, өтініштілектерінің орындалуына қолдау көрсетті.

Қабылдауға 6 азамат тіркеліп, оның 5-і өз өтінішін білдірді. Солардың бірі – қала тұрғыны Есенғали Әміров.

Есенғали облыстың бас дәрігері қабылдауына Шиелі ауданы 1 Май ауылында тұратын немере ағасына мүгедектігі жөнінде құжат алуына көмек көрсетуді сұрап келіпті. Ағасы өздігінен жүре алмағандықтан аз-кем ем алуға да жағдай жасалса деген өтінішін жеткізді.

Басқарма басшысы науқасты өз бақылауына алып, сырқатына қатысты тегін дәрігерлік тексеруден өткізуге көмек көрсететін болды. Ал мүгедектікке байланысты құжаттар аудандық аурухана құзыретіне жататынын жеткізді.

Баян Тәжімұратова есімді қала тұрғыны науқас балалар үшін дәрі-дәрмек тегін берілсе деген мәселе көтерді.

– Аймақта сирек кездесетін «Целиакия» ауруына шалдыққан балалар саны көбейіп келеді. Олар креон, хофитол, кальцикал, актиферин, нормабакт, хилак форте секілді дәрілерді үнемі қабылдауы тиіс. Бұл дәрілердің бағасы қымбат болғандықтан қалта көтере бермейді, – дейді ол.

Облыстың бас дәрігері аталған дәрі-дәрмектерді базалық терапия бойынша емделуге қажетті дәрі-дәрмек тізіміне қосатынын және оған қажетті қаржыны жергілікті бюджет есебінен қаралуына тікелей ықпал жасайтынын айтты.

Ал, Динара Мыңжасарова қаладағы №5 емхана дәрігерлері лямблиоз ауруымен ауыратын ұлы мен қызына дұрыс ем-дом көрсетпеді дегенді алға тартқан. Сондай-ақ, анасының да коксартроз диагнозымен сырқаттанатынын айтып, Астана немесе Алматы қаласында емдетуге квота беруге көмек сұрады.

Басқарма басшысы лямблиоз ауруы отбасылық және жұқпалы болған соң оған алдымен күтім жасалу керектігін жеткізіп, балаларға емдеу жүргізуге көмек көрсететінін айтты. Ал анасына квота бөлу мәселесі мен №5 емхана қызметкерлеріне қатысты өтініш зерттеу нәтижелерінен соң хабар беретінін баяндады.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС

Кеше Астана қаласы әкімдігінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас-жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлықты жалпыға бірдей қабылдамау – бірлік және тұрақтылықтың кепілі» атты «дөңгелек үстел» өтіп, ол шара өңірлерге онлайн түрде таратылды. Облыстағы үкіметтік емес ұйым мүшелері, мемлекеттік қызмет істері департаментінің мамандары, театр ұжымдары мен ассамблея мүшелері де облыс әкімдігінде бас қосып, шараны тікелей көрсетілім арқылы тыңдады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас-жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Али Шпекбаев жиынның маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Дархан Мыңбай қоғам дертіне айналған қауіпті кеселмен күресуді күшейту қажеттігін жеткізді.

Сонымен қатар, басқосу барысында жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеу, қоғамдық сананы жаңғырту, азаматтық идея тақырыптары қозғалып, пікірлер мен ұсыныстар айтылды. Мұндай қоғам дертімен күресуде нақты бағдарламалар қабылданып, олардың жүзеге асуын бақылау маңызды екені айтылды.

Мәди ҚҰРМАНӘЛІ.

ҚОЛӨНЕРШІ ҚАРЛЫҒАШ

Қазіргі таңда әрбір жанның заман ағымына қарай бейімделгені, қарым-қабілетін игілікке жаратып жүргені анық аңғарылады. Себебі, бірі жеке көлігімен тасымал қызметін ұсынса, келесісі шағын өндіріс орнын ашуымен көпшілікке танылуда, енді бірі тігіншілік, тері өңдеу секілді атакәсіпке ден қойып келеді. Оның ішінде атамекенге туын тіккен, қарапайым ісімен отандық өндірісті өрге бастыруға үлес қосып жүрген оралман ағайындардың қадамы мен талабы құптарлық.

Қолы алтын шебер Қарлығаш Ілиясова да – Сыр бойында дүниеге келген, алайда тағдыр тәлкегімен 20 жылдай шетте өмір сүргендердің бірі. Қырғыз елінен оралған қандасымыздың өмірі өзгеше өрілген. 2007 жылы туған жерге қоныс аударған ол іс тігіп, өнерімен айналасына танылып үлгірді. Бұлдіршін кезінен тігіншілікке жақын болған кейіпкеріміз кілем тоқып, тұрмыстық бұйымдар мен киім-кешектер, кәдесыйлар дайындайды. Сондай-ақ, көрсем, білсем деушілерге үйретуден еш жалыққан емес. Қолөнерші шәкірттерінің кәсібін нәсіп етіп, тапсырыс қабылдап жатқандары да жетерлік екенін айтады. Ең басты жаңалық бұл емес. Жуырда ісмер аймақ атынан Астанада өтіп жатқан «ЭКСПО – 2017» әлемдік көрмесіне қатыспақ. Ол онда ұлттық өнерімізді дәріптейтін бұйымдарын ұсынбақшы.

– Еліміз өз алдына шаңырақ көтеріп, Тәуелсіздігін алғаннан кейін көршілес мемлекетте тұрып жатқан қандастар елге оралуға бет бұрды. Мен де сол көшке ілестім. 2007 жылдан бері қазақ қолөнерін дәріптеуді, кәсіпті дамытуды алдыма мақсат етіп қойдым. Мемлекет тарапынан түрлі қорлардан ақшалай қолдау болды. Тұңғыш Президент қорынан да қаржылай көмек алдым. Бұл кәсібін жаңа бастаған адам үшін зор көмек. Соның арқасында «Қарлығаш» шеберлер орталығын аштым. Бүгінде туған елімде өз кәсібімді ашып, жұмыс істеп жатқаныма қуаныштымын. Бұған дейін бәрін болмаса да, көп нәрсені білемін деп есептейтінмін, бірақ бір кездері өмірімнің жаңа бір кезеңіне аттай отырып, жаңа деңгейдің жаңа талабы болатынына көз жеткіздім. Өзім де мол мүмкіндіктерге құлаш сермеп, түрлі дүниелерді игеруге құлшынып отырамын. Әріптес, серіктес ұйымдардың шақыруымен көптеген семинар, тренингтерге қатысып, қолөнердегі сан қилы бағыттарды үйренуден шаршаған емеспін. Міне, бүгін маған ел тарихында ерек орын алатын шарға ұлттық нақыштағы, қазақы болмысты алыстан танытатын кәдесыйлар дайындау мүмкіндігі бұйырды. Мыңнан тұлпар, жүзден жүйріктердің ғана асығы алшысынан түсетін көрмеде ұсынатын дүниелерім ұлттық дәстүрді ұлықтайтынына, шетелдік туристердің көңілінен шығатынына сенімдімін, – дейді ол.

Расында, әсем оюмен әдіптелген шебердің бұйымдары ұлы дала иелерінің дархандығын, еркіндігін бейнелейді. Көз жауын алып, ешбір тұтынушыны бейжай қалдырмайды. Осы тұста халқымыздың қолөнер турасында айтқан нақыл сөздері, мақалдары еріксіз еске түседі. Ұлы ойшыл Абайдың өзі «Дәулетті өмір сүргің келсе, қолөнер үйрен. Байлық уақытпен бірге жоқ болар, ал өнер өлмейді», – деп өзінің отыз үшінші қара сөзін қолөнерге арнады емес пе?! Оған қоса ұлттық дәстүрді дәріптеген киелі кәсіп – қолөнерді қазақ пір тұтқан. Бұл үрдіс қазір де Қарлығаш секілді шеберлерге деген құрметтен көрінеді.

М.СНАДИН.

ҚҰМКӨЛ КЕНІШІНДЕГІ ЕҢБЕК МАЙДАНЫ

Сыр елін қашаннан жыр елі деп атайды. Өйткені мұнда жыраулық өнер туын тіккен. Ақ күріштен тау тұрғызуы себепті «Ырысты, күрішті Қызылорда» аталды кейінгі кезеңдері. Ал соңғы 30 жылдың шамасында мұнайлы, шырайлы өлкеге айналдық. Оның себебі Қызылорда еліміздегі қара алтын өндіруші санаулы облыстардың қатарынан мықтап орын алды.

Облыста мұнай өндіріп жатқан оншақты компания бар болса, солардың арасында «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ-ның шоқтығы биік. Құмкөл кен орнын дамытудың жаңа кезеңі акционерлері Қытайдың CNPC және «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниялары болып табылатын «ПетроҚазақстанмен» тығыз байланысты. Компания алдында жаңа іргелі міндеттер тұр. Олар – Құмкөл кен орнында мұнай өндіруді ұлғайтудан бастап, жаңа экспорттық бағыттарды жүзеге асыру.

«ПетроҚазақстан» компаниясы өңірдің инфрақұрылымын жақсартуға, ондағы тұрғындардың жақсы тұрмысының деңгейін жоғарылатуға бағытталған әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға өз үлестерін қоса отырып, өз қызметінде өңірлерді дамыту бойынша мойнына алған міндеттерді абыроймен атқарып келеді. «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» әлеуметтік жағынан жауапкершілікті компания бола отырып, облыстың әлеуметтік саласын дамытуға, сондай-ақ қайырымдылық және демеушілік іс-шараларға пәрменді түрде атсалысады. ПҚҚР компаниясы үшін басымдықтардың бірі қоғамның әл-ауқатын жақсартуға, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған қайырымдылық және демеушілік іс-шаралардың пәрменділігі мен әлеуметтік мәнділігін жоғарылату болып табылады. Бұл жұмыстың басты өлшемі бағытты әрі мақсатты көмек көрсету, бұл орайда ұзақмерзімді бағдарламаларға, халықтың қорғансыз топтарына, балаларға, соғыс және еңбек ардагерлеріне, мүгедектерге, денсаулық сақтау жүйесіне, мәдениет пен өнер мекемелеріне көмек көрсетуге айрықша назар аударылады.

«ПҚҚР» АҚ ұйымдастыруымен CNPC және «ҚазМұнайГаз» ұлттық компанияларының ынтымақтастығының 20 жылдығына арналып өткізілген баспасөз турына бірқатар республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Журналистер алғашқы күні Петроқазақтандықтардың әлеуметтік саланы қолдау бағытындағы бірқатар жұмыстарымен танысты.

Журналистердің алғашқы ат басын тіреген орны «Атамекен» отбасы ұлгісіндегі балалар ауылы болды. Балалар ауылының директоры Ләззат Сқақова журналистерге балалар ауылының тарихы туралы айтып берді. Бұл жерге қаладағы балалар үйінің 65 тәрбиеленушісі көшіп келген. Әр коттеджде 7-10 баладан тұрады. Мұнда 3 пен 18 жас аралығындағы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жасөспірімдер отбасы ұлгісінде тәрбиеленетін болады, яғни әрбір отбасының өз анасы бар. Балалар ауылын салу, абаттандыру сияқты жұмыстарға бизнестің жауапкершілігі және әріптестік негізінде «ПетроҚазақстан» компаниясы 650 млн теңге бөлген. Мұндағы әрбір үйдің «Үшқоңыр», «Ақжайық», «Сарыарқа», «Оқжетпес», «Байқоңыр», «Ақжайық», «Алатау» сияқты атаулары бар. Бастысы – балалар өте қуанышты. Бөлмелер заманауи үлгіде жабдықталған, өмір сүруге барлық жағдай жасалған. Мысалы «Үшқоңыр» атауындағы отбасы «ПҚҚР» компаниясының тікелей қамқорлығында. Осы отбасының тәрбиеші анасы Ләззат Тышқанбаева компания балалардың Елбасының туған жерінде болып қайтуына мүмкіндік жасағанын жеткізді. Отбасы анасы балаларды үй жинастыру, тамақ істеу, бақшалықты күтіп, баптау секілді түрлі жұмыстарға баулитынын жеткізді. Қысқасы, бұл жердегі тәрбиеленушілер барынша үй жағдайындағы өмірге бейімделеді.

Мұнан соң журналистер «Арай» демалыс орталығында болып, аквапаркте демалуға келген Қазалы қаласындағы Мүгедек балалардың «Шапағат» оңалту орталығының бір топ тәрбиеленушілерімен жолықты.

1998 жылдан бастап компания Қазалы қаласындағы Мүгедек балалардың «Шапағат» оңалту орталығына қолдау көрсетіп келеді, ал 2001 жылдан бастап толық қаржыландырады. Құрылғанына 20 жыл болған «Шапағат» МБСО бүгінге дейін 500-ге жуық мүмкіндігі шектеулі балаларға түрлі медициналық-психологиялық және әдістемелік көмек көрсетті. Олардың денсаулықтарының оңалып, мұңданып емес, шаттанып жүрулеріне жан-жақты жағдай жасалған. 2001 жылдан бері көпбалалы және әл-ауқаты төмен отбасылардың балаларына, сондай-ақ жетім балаларға арналған «Балдәурен» балабақшасын (50 орынға арналған) компания түгелдей қамтамасыз етіп келеді (балаларды тамақтандыруға және балабақшаны ұстауға жұмсалатын қаражат).

Бүгінде бұл мекемеде диагноздарына қарай 4 топта 50-ге жуық мүгедек бала тәрбиеленуде. Аталған оқыту, сауықтыру орталығы 2001 жылдан бастап аймақтағы жетекші мұнай өндіру компаниясы – «ПҚҚР» АҚ демеушілігімен өз жұмысын жандандырып келеді.

«Биыл біздің орталыққа 22 жыл толса, соның 17 жылында «ПҚҚР» компаниясының шарапатын көріп келеміз, – дейді «Шапағат» сауықтыру орталығының басшысы Шынар Жеңсікбаева. – 2001 жылдан бастап қызметкерлердің жалақысы, балалардың тамағы, коммуналдық шығындар, барлығы «ПҚҚР» АҚ атсалысуымен толықтай шешіліп отыр. Мұнайшыларға осы үшін де алғысымыз шексіз. Балалар осы күні аквапарк бассейнінде шомылып, мәз-мәйрам болды. Мұнан соң тілшілер «Мұз айдыны» спорт кешенімен танысты. Бұл нысанды 2013 қыркүйек айында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ашқан болатын. Мұз айдыны бар спорт сауықтыру кешенінің жалпы аумағы 8 мың шаршы метр шамасында. Онда мұз айдынынан бөлек, түрлі ойын және жаттығу залдары бар. Бұл кешен өңірімізде хоккей, мәнерлеп сырғанау, шорт-трек секілді басқа да қысқы спорт түрлерін дамытуға үлкен мүмкіндік беруде.

«Құмкөл» кенішінде журналистерді кеңшті пайдалану директоры Брюс Андерсен мен қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Патима Ағынбаева бастаған мұнайшылар қарсы алды. Кездесуде Брюс Андерсен ақпарат құралдары өкілдеріне кеңіштің тарихы жайлы баяндап берді. Вахталық қалашық 45 гектар аумақты алып жатыр. Мұнда 2 офис, 47 тұрғын жай, спорт кешені мен басқа да қызмет көрсету орындары бар. Мұнда бір вахтада мердігер мекемелер жұмысшыларымен қосқанда 700 адам тұрады. Ал жалпы компанияға қарасты кеңіштерде 62 тұрғын жай, 5 әкімшілік бөлім, 2 медициналық орталық, 5 асхана, сондай-ақ монша кір жуу кешені, наубайхана, кондитер цехы және басқалар бар. Вахталық қалашықтар тұрғындарына қамтамасыз ету бөлімінің 44 қызметкері қызмет көрсетеді.

«Отбасынан алыста вахтада жүрген ПҚҚР қызметкері тұрмыстан да, күнделікті қарым-қатынастан да өзін мақұрым қалғандай сезінбеуі өте маңызды, мінекей, қамтамасыз ету қызметінің жұмысы дәл осындай жағдайлармен қамтуға бағытталған, – дейді қамтамасыз ету қызметінің басшысы П.Ағымбаева.

Кеңіш басшысы компанияның басты байлығы адамдар екенін жеткізді. Сондықтан да ең бірінші кезекте адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаның қауіпсіздігі тұрады. Кездесуде компания тарихы туралы және қауіпсіздікті сақтауға қатысты қысқаша бейнероликтер көрсетілді. Кездесуден соң мұнайшылар мен журналистер «Құмкөл» кенішінің алғашқы генералы Мұрат Саламатовқа қойылған ескерткіш жанында естелік суретке түсті.

Журналистердің алғашқы танысқан нысаны 28.01 ұңғымасы болды. 900 метр терендіктен мұнай шығарып жатқан қондырғының үйреншікті тербелмелі ұңғымадан бөлектігі бірден көзге түседі. Бұрынған келе жатқан ұңғымалардың тербелмелі конструкциялары горизантальды қалыпта қозғалатын болса, соңғысы вертикальді түрде қозғалысқа түседі екен. Ұңғымаға жауапты шебер Ғани Ысқақов бұл конструкцияның орнатылғанына бес жыл болғанын және кеңіште осындай ұңғыманың үшеуі бар екенін мәлімдеді. Бұлар бұрынғылардан өнімділігімен және ұзақ пайдалануға жарамдылығымен ерекшеленеді екен. Келесі 332 нөмірлі үйреншікті ұңғыма басында механик Әлімбек Смайлов 1129 метр терендіктен мұнай шығарылып жатқанын жеткізді. Бір тәулікте 26 текше метр сұйықтық тартып шығарылса, содан бөлініп шығатыны 15 тонна мұнай. Жалпы 1982 жылдан бері бұл ұңғымадан 30 мың тоннадай мұнай алыныпты.

Иә, егер жер астынан бірден дайын мұнай шыға қалмайды. Терендіктен тартылған сұйықтың құрамындағы судың үлесі 55 пайызға дейін жетеді. Қалғаны мұнай мен газ. Бұлардың бәрін ажыратып, тауарлы мұнай алу үшін көптеген технологиялық процесстерден өтеді және олардың бәрі бір қондырғы немесе бір цехтың жұмысымен біте қалмайды.

Журналистер ат басын тіреген УПС-14 кешенінде жер астынан алынған мұнайдан су айыратын қондырғылар жұмыс істейді. 2002 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан бұл кешенде үш фазалы сепаратор орнатылған. Ол 15 ұңғымадан бір тәулікте жеткізілген 4400 текше метр сұйық құрамынан 135 тонна мұнайды айырып алады. Жалпы, компания кеңіштерінде осындай қондырғылардың 15-і жұмыс істеп тұр. Мұнайдан алынған су мұнан кейін жер қабатына қайта айдалады. Оны БКНС-1, БКНС-2 (блокты шоғырлы сораптар насос станциясы) атқарады. Оның алғашқысы 1991 жылы, екіншісі 2001 жылы пайдалануға берілген. Осы насостар суды 120 кг/см қысыммен шамамен 1200 терендікке айдап жатыр.

Ал ілеспе газдың да бір бөлігі жер астына айдалады. Дегенмен, кеңіште оның басым бөлігін тиімді пайдаланып отыр деуге болады. Оны газды пайдаға жарату орталығында болғанда көрдік. Осы орталықтың менеджері Дәуісен Әбдиев ілеспе газдан электр қуатын алатын 55 мгвт-тық алғашқы турбина 2010 жылы, екіншісі 2012 жылы пайдалануға берілгенінен хабардар етті. Осыдан кейін олардың жалпы қуаты 100 мгвт-тан асқан. Бір күнде 1 млн квт-сағат қуат өндіріліп, ол кеңіштің ішкі мұқтаждығына жұмсалады.

«Құмкөл» кенішінде өндіріліп жатқан барлық қара алтын мұнай дайындау және тасымалдау орталығына жеткізіледі. Мұнда оларды құятын 16 резервуар бар. Бұл жерде мұнайды арнаулы пештерді жылытып, соңғы компоненттерінен айырып, химиялық реагенттер қосып, тауарлы күйге жеткізеді. Цехтың менеджері Нұрлан Әліпбаев дайындалған өнім құбырмен Шымкенттегі мұнай өңдеу зауытына және Алашанькоу станциясына жөнелтілетінін айтты.

Мамандардан білгеніміз, тауарлық мұнайды дайындаған кезде судың ең төменгі мөлшері мен хлорлы тұзды анықтау керек. Жоғарыда аталған қоспалардың мөлшері көп болса, құбыр мен өнеркәсіп жабдықтарында коррозиялық бұзылулар болады, әртүрлі шөгінділері бар жұмыс диаметрі бітеліп қалады. Толық химиялық талдау жасау арқылы қабатты судың құрамын көріп, ықтимал кедергілерді болжап, олардың алдын алу шарасын жасайды. Сондай-ақ, мамандар тұрақты түрде коррозия жылдамдығын орнатылған мониторингілік құрылғымен өлшеп, барлық кен орнындағы нысандардағы қабатты судың бактерияларды жұқтыру сипатына сынақ жүргізеді. Қабатты су сапасын талдау геологтарға да қажет, олар сынаманы алу кестесін құрып, оны зертханаға жеткізуді қамтамасыз етеді. Өндірілген мұнаймен бірге алынған су қабаттық қысымды сақтау үшін суды қайта құйып айду, ҚР-ның табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес, қайта құйып айдалатын судағы мұнай өнімінің мөлшері шектеледі. Бұл көрсеткіш ПҚҚР кен орнындағы сорғылау станцияларының бәрінде үздіксіз бақыланады.

Құмкөл кенішінің ашылғанына 30 жылдан асты. Құмкөлден кейін «Қызылқия», «Майбұлақ», «Арысқұм», «Ақшабұлақ», «Нұралы», «Ақсай», тағы басқа кен орындары бірінен соң бірі ашыла бастады. Соның бірі Арысқұм. Қазіргі күні «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ өндіріп жатқан қара алтынының 50 пайыздан астамы осы кен орнынан алынуда. Сондықтан да тілшілердің Құмкөлден 80 шақырым қашықтықта жатқан бұл кенішке атбасын бұрып танысып қайтуы заңдылық деуге болады. Жалпы «КАМ» («Қызылқия», «Арысқұм», «Майбұлақ») кеңіштерінде алынған мұнай осы жердегі мұнай дайындау және айдау цехына жиналып, судан, газдан ажыратылып тауарлы түрге жеткізіледі. Содан кейін құбырмен «Құмкөлдегі» тасымалдау орталығына айдалады. «Арысқұмдағы» дайындау цехында 2004 жылдан бері бірнеше мәрте модернизациялау үдерістері болып өткені туралы мұнай өндіру жөніндегі менеджер Жұмабек Қонысбаев айтып берді.

Осы кеңіштегі газ айыру кешені де журналистерге жақсы әсер қалдырды. Бұл жерде тілшілер газ шаруашылығының топ жетекшісі Тасқынбек Жүзекенов, учаске бастығы Қайрат Жүнісов және инженер Елдос Нұрпейісовтан біраз қажетті ақпараттар алды. Мұндағы қондырғылар Австрияның Янбахер қаласындағы «Янбахер» компаниясынан жеткізілген. Газ-поршеньді қондырғылармен жұмыс істеуді цех операторлары аталған компанияға арнайы іссапармен барып, үйреніп қайтқан екен. Жалпы ілеспе газды терең жер қабатына айдаудың тиімділігі жетерлік. Біріншіден алғашқы кезеңдердегідей құр босқа ауада босқа жанып кетпейді. Осылайша қоршаған ортаға зияны тимейді және осы бағыттағы талаптар орындалып жатыр. Сонымен бірге, терендікке қайта айдалған көгілдір отын жерасты қуатын қайта қалпына келтіреді. Мамандар журналистерге осылай деп түсіндірді.

Жалпы компанияның қоршаған ортаны қорғау бағытында біраз жетістіктерге жеткені мәлім. 2005 жыл мен 2015 жылдар аралығындағы кезеңде «ПҚҚР» АҚ-да қоршаған ортаны қорғау саласында бірнеше ірі жобалар жүзеге асырылды, ондағы басымдық жолай мұнай газын кәдеге жаратуда электрэнергиясын алу мен оны қабатқа кері айдау болды. Осы жобаның аясында «Құмкөлде» газ-турбиналы қондырғы салынды, Ал «Арысқұм» мен «Майбұлақ» кен орындарында жалпы қуаты 113 МВт болатын газ-поршеньді қондырғы орнатылды. Кәдеге жаратылатын газдың жобалық қуаты жылына 280 млн м³. Негізгі өндірілетін электрэнергиясы кен орындарындарында қолданылады, артықтары сыртқы тұтынушыларға беріледі. Осы жобаның жүзеге асырылуы атмосфераны ластайтын заттардың жіберілу лимитінің төмендеуіне алып келді, жылына 13697 тоннадан 6013 тоннаға дейін, яғни 2 есеге дейін төмендеді. Бұнымен қоса қалдықтарды кәдеге жарату мен көму жөніндегі нысандардың құрылысы жүзеге асты, жобалық қуаты 4600 м3 болатын қатты тұрмыстық қалдықтарды көметін полигон пайдалануға берілді. Әлсіз радиоактивті қалдықтарды кезең бойынша кәдеге жарату және радиоактивті қалдықтарды уақытша сақтауға арналған алаңды қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

«ПҚҚР»-да 2014-2015 жылдары мұнайлы қалдықтарды қабылдау мен қайта өңдеу бойынша нысанды қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді, келіп түсетін мұнайлы қалдықтардан мұнай өнімдері мен тазартылған топырақты ажыратуын жабдық сатып алынды. Шаруашылық-тұрмыстық пайдаланылған суды тазарту бойынша нысанның салынғанын да айтып өткен жөн. «Арысқұмда» қуаты тәулігіне 400 м³ болатын пайдаланылған суды тазартатын биологиялық тоғандар пайдалануға берілді, бұл пайда болатын пайдаланылған суды «Құмкөл» кен орнына дейін тасымалдауға шығындарды азайтуға, тазарту тиімділігін арттырып, қоршаған ортаға әсерін төмендетуге мүмкіндік берді.

«ҚАМ» кен орнындағы мұнай дайындау технологиясы «Құмкөлдегіден» ерекшеленеді. «ҚАМ» мұнай дайындау және айдау цехы «Арысқұмда» орналасқан, өйткені «Арысқұм» осы топтың ең үлкен кен орындарының бірі болып табылады. Кен орнындағы газ сұйықтық қоспа «Арысқұм» коллекторларынан, сонымен қатар «Оңтүстік-Батыс Қарабұлақ» пен «Солтүстік-Батыс Қызылқия» кен орындарынан «Арысқұм» мұнай дайындау және айдау цехына түседі. «Қызылқия» мен «Майбұлақ» кен орындарында мұнай жинау бекеттері жұмыс жасауда. Бұл бекеттерде дайындау цехтары сияқты, бірақ көлемі айтарлықтай аз, бұлар да айырғыш қондырғылармен, пештермен, су қоймаларымен жабдықталған. Мұнай осы жинау бекеттерде даярлықтан өтеді және тауар күйінде «Арысқұм» мұнай дайындау және айдау цехына түседі. Ал ол жақтан мұнай ағыны 8 дюймдік мұнай құбырымен «Құмкөл» кенішіндегі орталық мұнай дайындау және айдау цехына айдалады.

«Арысқұм» кен орнында да жұмысшылар мен қызметкерлерге бар жағдай жасалғанын БАҚ өкілдері өз көздерімен көрді. Қамтамасыз ету қызметінің меңгерушісі Денис Губанов 1 гектар аумақты алып жатқан вахталық қалашықпен таныстырды. Бұл жерде бір мезгілде 220 адам өмір сүреді. Мұнда әрқайсысының аумағы 250 шаршы метрлік жұмысшылар тұратын 12 тұрғын жай орналасыпты. Мұнан бөлек, кеңсе ғимараты, кір жуу орталығы, асхана және спорт кешені, мәдениет үйі бар. Қажымұқан атындағы Спорт кешенінде кең спорт залынан бөлек, екінші қабатындағы бөлмелерде түрлі тренажерлік құралдар мен бильярд столы орналасқан. Кешкілік жұмыстан кейін бұл жерде түрлі жарыстарға қатысушы, жаттығу жасаған адамдарға толы болады. Қысқасы, мұнайшылар теннис, гимнастика залдары, жаттығу құрылғылары және бильярды бар спорттық кешендерде өздерінің бос уақытын рахаттанып әрі пайдалы өткізеді.

Ақпарат құралдары өкілдері осылайша баспасөз туры барысында қыстың қаһарлы аязына, жаздың аптап ыстығына, дауылды күндерге қарамай, тынымсыз еңбек етіп жатқан мұнайшылар өмірімен танысып қайтты. Мұнай жер астынан фонтан болып атқылай салмайды, оны кәдеге жарату үшін қаншама тер төгілетінін сезіне білді. Өткен ғасырмен салыстырғанда технология біраз жетілді, десек те мұнайшылардың жауапкершілігі еш азайған емес. Техникалық қауіпсіздік сақтау, қоршаған ортаны қорғау мен қатар еңбек өнімділігін арттыру міндеті бар. Олардың еселі еңбегінің нәтижесінде жергілікті бюджетке мол қаржы түсуде, қоғамның әлсіз бөлігіне, мұқтаж жандарға қамқорлық көрсетілуде. Міне, журналистер сапар барысында елге, аймаққа, қоғамға, компаниясына осындай пайда келтіріп жатқан мұнайшылардың тұрмыстық жағдайымен де танысты. Қысқасы, өткен ғасырдағы «Мұнайшылар, мұнай бер!» деген ұран бүгінгі күні де маңызын еш жоғалтпағанын түсінді.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

«НҰРЛЫ ЖЕР»: БАСПАНАЛЫ БОЛУ БАҚЫТЫ

Еліміздің әлеуметтік саясатындағы ең маңызды бағыт – тұрғындарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету. Үй болмай, күй болмайтынын пәтерден пәтерге көшіп көргендер жақсы түсінеді. Тұрғын үй нарығындағы жекешелендірудің алғашқы толқынында үкімет берген баспанасын өз иелігіне өткізіп алғандар мен тұрғын үймен қамтудың мемлекеттік бағдарламасы жарияланғанға дейінгі аралықты ешкім ұмытпаған болар. Бұрынғыдай тегін үй беру тоқтап, жаңа құрылыстар мүлде салынбаған кезеңде баспаналы болудан үміттілер мүлдем аз еді.

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін жүзеге асыруды бастаған сәттен баспана нарығында дүмпу пайда болды. Банк мемлекеттік және салалық бағдарламаларға қатысып, баспанаға мұқтаж жандардың басты мәселесін шешті. Қазір Елбасы тапсырмасы бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасын жүзеге асыруда. Біз «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ облыстық филиалының директоры Әділжан Сәулебаевпен банк қызметіндегі жаңашылдықтар жайында сұхбаттасқан едік.

– Елбасы Жолдауындағы «Менің тапсырмам бойынша биыл «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасы іске асырыла бастайды. Ол аса маңызды міндетті орындауға – алдағы 15 жылда 1,5 миллион отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған» деген жол баспана мәселесін шеше алмай жүрген азаматтарға зор мүмкіндіктер ұсынып отыр. Бұл бағдарламаға «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» қосар үлесі қандай?

– Тұрғын үйге қатысты 2005-2007 жылдарды, 2008-2010 жылдарды, 2011-2014 жылдарды қамтитын, «Қолжетімді баспана – 2020» сияқты бағдарламалар жүзеге асты. «Нұрлы жер» – халықтың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыруды көздейтін бағдарлама. Ол бойынша ипотекалық несиенің қолжетімділігі артпақ. Жеке құрылысшылар тұрғын үй салуға ынталандыруға, біздің банк арқылы несиеге берілетін тұрғын үйлер құрылысын жүргізуге назар аударылады. Сонымен бірге әлеуметтік әлсіз топтар үшін арендалық тұрғын үй қорын құрып, жеке тұрғын үй құрылысын дамытуға арналған. Халықты арендалық және коммерциялық тұрғын үйлермен қамтамасыз ету, бөлісті тұрғын үйлер құрылысын қолдау бағдарламаның негізгі бағытына жатады.

Оны жүзеге асыру қарқынын арттыру мақсатында «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» «Қолдау» бағдарламасы арқылы жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрған халыққа ақысыз депозиттік шот ашу жеңілдігі қарастырылады. Арендалық тұрғын үйге әлеуметтік әлсіз топтар қоныстанады.

Біздің банк пен облыс әкімдігінің бірігіп атқарған жұмысы жоғары бағаға лайық. Бүгінде жаңа шағын ауданның саны 11-ге жетті.

– «Нұрлы жер» арқылы үйлі болудың шарттарын түсіндірсеңіз...

– «Нұрлы жер» бағдарламасы арқылы тұрғын үй құнының 30 пайызын салып, несиені 5 пайызбен рәсімдеуге болады. Тұрғын үйлердің бағасы «Бәйтерек Девелопмент» АҚ арқылы салынған үйлердің 1 шаршы метрі Астана, Алматы, Ақтау, Атырау қалаларында 180 мың теңгеге дейін, ал қалған өңірлерде 140 мың теңгеге дейін деп бекітілді.

Сондай-ақ жеке, бөлісті және көпқабатты тұрғын үйлер құрылысы қолға алынады. Ол үшін «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінде» депозиттеріңіз болып жинақ жасау міндеті талап етіледі. Депозиттік жинақтарға жылына 20 пайыз мемлекет, 2 пайыз банк сыйақысы жүргізіледі.

Жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрған мемлекеттік сала қызметкерлері жолдама алып келген жағдайда айлық табысын растайды. Қойылатын талап – соңғы 5 жылда атында тіркелген баспана болмауы тиіс. Ал, Астана мен Алматы қалаларынан тұрғын үй алушылардан 2 жыл тұрақты тіркеу сұратылады. Сонымен қатар, 29-ға толмаған жастар «Жас отбасы» бағдарламасы аясында соңғы 5 жылда ерлі-зайыптылардың атында тіркелген баспанасы жоқтығын растайды. Некеде тұрғандарына 2 жыл толуы керек, тұрғын үй инспекциясынан жолдама алып келіп, айлық табыстарын растап тұрғын үй алуларына болады.

– Тегін үйге кімдер қол жеткізе алады?

– «Нұрлы жер» бағдарламасының концепциясында көрсетілгендей, әлеуметтік әлсіз топтар арендалық тұрғын үйлерге қоныстанатын болады және тек коммуналдық қызмет үшін ғана төлем төлеп отырады. Ол бағыт жергілікті атқарушы орган арқылы жүзеге асырылады.

– «Өз үйім» бағдарламасы жалғаса ма? Бағдарламаның тиімділігін тағы бір түсіндірсеңіз?

– «Өз үйім» бағдарламасының мынадай артықшылықтары бар: «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» салымшыларына толық басымдық беріледі (салымшының атында тіркелген баспана болмауы шарт емес), валюта бағамдарына тәуелсіз және үй сатып алу кезінде ерекше талаптар қойылмайды. Бағдарламаға банктің кез-келген клиенті қатыса алады. «Нұрлы жер» бағдарламасынан айырмашылығы, Алматы мен Астана қалаларында соңғы екі жылда тіркеуде тұруы міндетті емес. Бағдарламаның ұзақтығы 2016-2019 жылдар аралығын қамтиды.

– «Нұрлы жер» бағдарламасының нысандарына, яғни банк салымшыларына ұсынатын үйлерге тоқталсаңыз?

– Наурыз мерекесінде аймақ басшысының қатысуымен 580 пәтерлік 12 көпқабатты үйден тұратын тағы бір жаңа шағын аудан, Ә.Қашаубаев көшесіндегі 100 пәтерлік 2 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді. Аталған тұрғын үйлер «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында, жергілікті атқарушы органда кезекте тұрған азаматтар мен «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» салымшыларына берілмек. Тұрғын үйдің 1 шаршы метрі 136 600 теңгеден басталады. 2 бөлмелі пәтер 59 шаршы метр, 3 бөлмелі пәтер 73 шаршы метрді құрайды.

Бұрын үйді алуға қалада тіркелген азаматтар ғана құқылы болса, бұл жолы банктің кез келген салымшысы қатыса алады. Былтыр 12 мыңға жуық салымшымыз келісім-шартқа отырды. Жалпы 30 мыңнан аса салымшы бар. Кезекте тұрған 10 мыңға жуық азаматтың осы бағдарламаға қатысу мүмкіндігі бар. Үйді кеңейтем деушілерге, бітпей қалған құрылысты аяқтауға біздің банк арқылы несие алған қолайлы. Қазір 389 адам өтініш берген. Олардың төлем қабілеті тексерілуде. Салық кодексінің 166-бабына сәйкес тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй құрылыс жинақ банктерінен алған қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге бағытталған сомаларға салық шегерімі қолданылады.

Жақын арада «Арай 3» шағын ауданында орналасқан тұрғын үйлер қолданысқа берілмек. 2017 жылдың 13-27 маусым аралығында «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында өтініштер қабылданады. Қойылатын талап, тұрғын үй құнының 30 пайызын жинақтау. Несие 5 пайызбен рәсімделеді. Өтініштер банктің ресми сайтында www.hcsbk.kz «Жеке кабинет» арқылы қабылданады.

– Салымшыларға ұсынылған сый – комиссиялық алымның жойылуы екені сөзсіз. Бұл жаңалық туралы таратып айтсаңыз...

– «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ директорлар кеңесінің шешімімен тұрғын үй құрылыс жинақтары шартын жасағаны үшін және шартты соманы арттыру үшін алынатын комисссия көлемі 0 теңге болып бекітілді. Ол өзгерістер 2017 жылдың 3 сәуірінен бастап күшіне енді. Естеріңізге сала кетсек, бұрын аталған қызметтер үшін алынатын комиссия көлемі шартты соманың 0,55 пайызын құраған еді.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбатты жүргізген
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

● ЖОЛДА ҚАБЫЛДАУ

КҮРЕ ЖОЛДА КЕДЕРГІ АЗАЯДЫ

Облыс бойынша көлік бақылау инспекциясы және «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Батыс Қытай-Батыс Еуропа» жолының бойында «Жолда қабылдау» акциясы өткізілді. Шараның мақсаты – жеке және заңды тұлғаларға нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын түсіндіру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының басшысы Ибадулла Құттықожаев еліміздегі автомобиль жолдарының халықаралық қатынастағы артықшылықтарын атап өтті. Бұл сауда-саттық дамуының бірден-бір көзі. Сондықтан күре жолда кездесетін кедергілерді мейлінше азайту қажет. Өз кезегінде бұл кәсіпкерліктің дамуына жол ашады. Көлік бақылау инспекциясының басшысы Ержан Жолдасов осыған қатысты жасалып жатқан жобаларды түсіндіріп өтті.

– Транзиттік автокөліктерді кедергісіз өткізуге арналған жобалардың бірі – «Сәт сапар» бағдарламасы. Мұның артықшылығы мынада. Мысалы, Ресейден шыққан жүк көлігі діттеген жеріне жетуі үшін бірнеше облыстың үстімен жүруі мүмкін. Әр облыстан кемінде екі жылжымалы көлік бекетінің тоқтатуы тасымалдаушыға кедергі болады. Сондықтан «Сәт сапар» жобасын енгізгенде жолда тоқтатуды азайтып, жылдамдықты арттыру арқылы тауарлардың жеткізілу мерзімін тездетуге қол жеткіземіз. Одан бөлек бұл бағдарламаның мобильді түрі де енгізілуде. Бұрын ауыр салмақты автокөлікке құжат алу үшін 4-5 күн уақыт кететін болса, енді жаңа жобада мұның барлығын үйде отырып атқара беруге мүмкіндік бар. Бұл Елбасының 2020 жылға қарай транзит тасымалын екі есеге дейін көбейту қажет деген тапсырмасына сәйкес жасалуда, – дейді инспекция басшысы.

Акцияға қатысқан облыс бойынша мемлекеттік қызмет істері департаментінің басшысы Абзал Мұхимов, Қызылорда көлік прокуроры Тимур Шүменбаев жол бойындағы тәртіпке байланысты өз ойларымен бөлісті. Сондай-ақ, шара барысында ішкі жүк тасымалдарына қатысты мәселелер қозғалды. Осы орайда автомобиль жолдары желісін сақтауға арналған шараның бірі – республикалық маңызы бар автомобиль жолдарымен қозғалатын жүк автокөліктеріне жазғы шектеулер енгізу. Яғни, 1 маусым мен 1 тамыз аралығында ауа температурасы 25 градустан жоғары болғанда жүк автокөлігінің қозғалысына сағат күндізгі 10-нан кешкі 10-ға дейін шектеу қойылады. Бұл жол сапасын сақтау үшін жасалуда. Сондай-ақ, шара барысында жүргізушілер өздерін мазалаған өзге де сұрақтарды жолдап, нақты жауаптар алды.

Мәди ҚҰРМАНӘЛІ.

Қазіргі озық технологияға таңданыс жоқ ғой, анау Алматыдағы ағамен телефонмен тілдесіп, танысып, ортақ ойдың мәселесін лезде шешіп алдық. Байыпты кісінің дәйекті сөзі нақтылықты сүйеді екен, сөз салмақты, ой орнықты жүрді.

– Қазақ айтқандай, «Әке – балаға сыншы» ғой, әкем Баеш пен шешем Нұрынса алғыр баласының сапалы және жүйелі білім алғанын арман еткен болар, Жаңақорғанда төрт сыныпты аяқтаған соң республикадағы ең әсем және өндірісі дамыған қаланың бірі – Кентауда оқығанды жөн көрді. Осылай 1964 жылы Кентаудағы №2 мектеп-интернатты ойдағыдай бітірдім. Менің сыныптастарымның ішінде сазгер Сейдолла Бәйтереков пен «Дос-Мұқасан» ансамблінің жетекшісі Досым Сүлеев бар еді. Жалпы, жанымыз өнерге жақын, сезімге толы болды, – деп кешегі күндер естелігін ақтарды.

Бұл кісі Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласы бойынша Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі Әбдуәлі Баешов болатын. Жақында ғана үлкен ғылыми атаққа ие болып, жерлестері мақтаныш санап, арнайы сәлем беріп, сұхбатқа шақырдық. Әңгіменің ауаны осылай жүрді.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

АКАДЕМИКТІҢ АСУЫ

Бұдан бұрын хабарлағанымыздай, жерлестеріміздің бір тобы жуырда ҰҒА академиктері мен мүше-корреспонденттері болып сайланған еді. Осыған орай ғылым биігіне шыққан ғалымдарымызды оқырманмен жете таныстыру мақсатында мақалалар жариялайтын боламыз.

Сәл шегініс: *Ол 26 сәуір 1946 жылы Жаңақорған станциясында дүниеге келді. Саналы ғұмырының 45 жылдан астам уақытын химия, электрохимия, гидроэлектрометаллургия және экология ғылымы мен білім беру саларына арнаған. Бүгінгі күні 1300-ден астам ғылыми-әдістемелік еңбегі, оның ішінде жиырма жеті ғылыми, ғылыми көпшілік және оқу-әдістемелік, оқулық кітаптары мен монографиялары жарық көрді. Сондай-ақ 200-ден аса кеңес Одағының авторлық куәлігінің, Қазақстан Республикасының және шетел патенттерінің (АҚШ, Қытай, Канада, Ұлыбритания, Австрия, Голландия, Венгрия және т.б) иесі. Ғылымдағы күрделі зерттеулері мен практикалық қолданыс тауып отырған көлемді еңбектері үшін «Кеңес Одағының өнертапқышы» құрмет белгісі және «Қазақстанның еңбек сіңірген өнертапқышы» атағы берілді. Кеңес үкіметі кезінде екі патентке өте тапқыр шешім болғандықтан, Мемлекеттік патенттеу комитетінің шешімімен автор есімі берілді. Ғалымның электрохимия және экология саларындағы ғылыми жұмыстары тек республикада ғана емес, жақын және алыс шет елдерде де кеңінен белгілі.*

Академик атағын армандамайтын ғалым жоқ, бәрі де болғысы бар. Бірақ бұл атаққа жетудің жолы ұзақ және өте қиын. Оны өздері де біледі. Инемен құдық қазғандай өлшеусіз еңбектің, көз майын тауысқан ғылыми ізденіс пен терең зерттеудің нәтижесі. Кейбіреу одан «Неге Баешовтар әулетінің көпшілігі химия мамандығын тандаған?» деп сұрағанда, ол былай деп жауап береді: «Шамасы, бұл біздің әкемізден бастау алып келе жатқан кәсіп сияқты. Әкеміз әріп білмейтін шаруа адамы болса да, кезінде үйге керекті сабынды, желімді, әкті, бояуларды, кейбір кезде мектепке қажетті борды әртүрлі тәсілдермен ала беретін. Соған қарағанда, әкеміз химиялық процестерді сол кезде түсіне білген. Ал бұл қасиет бала, немерелеріне дарыған болуы керек» дейді.

Шынында, Әбдуәлі Баешұлының екі ағасы Аблах және Пайзлах Баешовтар – жоғары білімді химик, олар Кентау қаласының мектептерінде 30-40 жылдан химия пәнінен дәріс берген ұстаз. Ал, жұбайы Ажар Қоспанқызы Баешова Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің химия факультетін бітірген, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Ал, қызы Салтанат осы университеттің химия факультетін үздік бітірген, химия ғылымдарының кандидаты. Ұлы Қаныш мемлекеттік қызметте.

Мына оқиғаны қараңыз, запастағы офицер шені бар Әбекең химия-металлургия институтында бір жылдан аса уақыт жұмыс істеп жүрген кезде, әскери комиссариаттан «әскер қатарына қызмет етуіңіз керек» деген шақырту қағазы келеді. Жас ғалымның ғылыми жұмыстарына риза болған профессор Евней Бөкетов шәкіртін әскерге жібермеу үшін барлық күшін салады. Аудандық, қалалық, облыстық әскери комиссариаттарға телефонмен хабарласып:

– Ағайындар-ау, құдайға шүкір, соғыс болып жатқан жоқ, бұл азамат етік киіп, әскер қатарында қызмет еткеннен гөрі ғылыми жұмыспен шұғылданса, елімізге көп пайда келтіре алатындығына менің сенімім мол, – деп өз уәжін айтады.

– Ебеке, сіздей ғұлама ғалым бұл жас жігітке осынша сенім артып отырса, бізге неге қолдамасқа, алайда бізде заң қатаң, бірақ оның амалын қарастырайық, – дейді.

Әскери комиссариат басшыларымен келісімге келген бойда ұстазы Бөкетов Әбекеңе аспирантураға түсуге өтініш жазып, 10-15 күннің ішінде барлық емтиханды тапсыру керектігін айтады. Ереже бойынша күндізгі бөлімнің аспиранты әскер қатарына шақырылмайды. Сөйтіп, профессор Е.А.Бөкетов болашағынан үлкен ғылыми жетістік күткен шәкірті Ә.Баешовқа ғылымның үлкен жолына түсуіне барлық мүмкіншілігін жасайды. Осылай Евней Арыстанұлы: «Әбдуәлі, мен сенен үлкен ғылыми табыстар күтемін, оған жететініңе де күмәнім жоқ. Құдай сені қолдасын», – деп батасын береді.

Қарағандының химия-металлургия ғылыми-зерттеу иститутында Әбекең 22 жыл жұмыс істеген кезде, өзінің туып-өскен жері Түркістан қаласында А.Яссауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті ашылды. Университет ректоры, академик М.Жұрыновтың шақыруымен Ә.Баешов оқу орнының Кентау бөлімінің экология факультетінің деканы қызметіне ауысады.

Сәл шегініс: *1991 жылы университеттің құрамында ашылған экология факультеті Кеңес Одағында ашылған екінші факультет болатын. 1990 жылы Қазан мемлекеттік университетінің құрамында 25 жыл жұмыс істеп келген экология кафедрасы негізінде бірінші экология факультеті ашылған екен. Сол себепті эколог мамандарын дайындаудың шешімін таппаған күрделі проблемалары шексіз көп еді.*

Бітер істің басына, жақсы келер қасына деген бар, бір кездері жас маман ретінде жұмыс істеп жүрген зертхананың меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы, профессор Марк Залманович Угорец: «Әбдуәлі, сен табиғаттың әдейілеп жаратқан ең қатты, ең мықты және ерімейтін металы – титанды фундаментальды зерттеулер негізінде тас-талқанын шығарып, қант сияқты еріту амалдарын таптың, бұл сенің адал еріңді төгіп, тапқыр тәжірибелер нәтижесінде жеткен жемістеріңнің бірі, сондықтан да мен сені «ғылыммен шұғылдансын» деп құдайдың әдейілеп жаратқан адамдарының бірі деп есептеймін» деп ризашылығын білдіріпті. Бұл жас ғалымды қолдап, қанаттандырған бағалау болатын.

Оның ғылыми жетекшілігімен жүргізілген фундаментальды зерттеулер негізінде өте майда мыс ұнтағын алудың принципиальды бірнеше жаңа әдістері жасалды. Алынған мыс ұнтақтарының майдалылығы соншалықты, оның біраз бөлігі электролитке батпай, жүзіп жүре алады. Кеңес Одағының Мемлекеттік патент комитетінің шешімімен принципиальды жаңа әдіске «Мыс ұнтағын алудың Баешов-Жұрынов әдісі» деп авторлық куәлік беріледі. Бұл жұмыстың нәтижесі Ә.Баешовтың тікелей қатысумен Ресейдің Верхняя Пышма қаласындағы тау-кен комбинатында сынақтан өтті. Ресейде мыс ұнтағын алумен шұғылданған мамандар: «Егер мұны өз көзімізбен көрмесек, қарапайым электролиз процесі арқылы осыншалықты майда мыс ұнтағын алуға болатындығына сенбес едік» деген еді. Ал, академик А.Жарменов: «Электролиз әдісімен суға батпайтын өте майда мыс ұнтағын алған дүние жүзіндегі алғашқы адам, ол – профессор Ә.Баешов» – деді.

Ол Кентау қаласының құрметті азаматы. Әр кездерде Орталық Қазақстан ғылыми орталығындағы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіндегі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі, Минералды шикізаттарды кешенді ұқсату ұлттық орталығы және Д.В. Сокольский атындағы органикалық катализ және электрохимия институтындағы кандидаттық және докторлық ғылыми дәреже беретін Диссертациялық кеңестің мүшесі болды.

Ұлттық зияткершілік меншік институтының шешімімен екі патентіне «Энергияны түрлендіретін Баешов қондырғысы» және «Энергия тасымалдайтын Баешов қондырғысы» деп ат қойылды.

2012 жылы Оксфорд университетінің (Ұлыбритания) Сократ атындағы Номинациялық комитетінің шешімімен А.Баешов «Ғылымдағы белгілі есім» («The Name in Science») атты құрметті марапатқа және «Әлем ғылымына қосқан үлесі үшін» деген белгі мен дипломға ие болды. Сонымен қатар Әбекеңнің есімі аса көрнекті ғалымдардың Дүниежүзілік реестріне енгізілді. Осы жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген Өнертапқышы» атағын алды. 2015 жылы «Қоғамда танымал болу» («Общественное признание») Халық сыйлығының лауреаты атанды.

Әбекеңнің еңбегіне лайық атақ жетерлік. Оны тізбектесек, ұзақ-сонар тіркеске айналады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Ұлттық жаратылыстану академиясының академигі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының толық мүшесі секілді жалғаса береді. Ол 2013 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясына корреспондент-мүше болып сайланып еді, енді академик асуына шықты.

2006 жыл сәтті жылдың бірі. Осы жылы тәуелсіз елдің «Құрмет» орденімен марапатталып, Е.А. Букетов атындағы сыйлықтың лауреаты атанды. «Қазақстан Республикасының ғылымына сіңірген еңбегі үшін» медалімен, Евразиялық патенттеу мекемесінің «Өнертапқыштық және патенттеу жұмыстарына сіңірген еңбегі үшін» берілетін В.И.Блинников атындағы алтын медалімен марапатталды. Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетте өзі ашқан және дамытқан химиялық зертханалық кешен Әбдуалі Баешовтың есімімен аталады.

Академик 2005 жылы органикалық катализ және электрохимия институтынан кейінгі он жылда, оның жетекшілігімен 1 ғылым докторы, 18 ғылым кандидаты, 7 PhD докторлық диссертациялары қорғалды, 7 оқулық пен оқу құралы, 1 шет елде шығарылған монография, ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда және Scopus базасындағы халықаралық ғылыми басылымдарда 500-ден астам ғылыми мақала жарық көрді, 80-нен астам Қазақстан Республикасының патенті алынды.

2005 жылы Д.В.Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия ғылыми-зерттеу институтының директоры және Ұлттық Ғылым академиясының президенті, академик М.Жұрынов А.Баешовты Алматыға жұмысқа шақырады. Міне, сол жылдан ол институтта жұмыс атқарды. 2009-2012 жылдары осы институттың Бас директоры болды, ал 2012 жылдан бастап электрохимиялық технологиялар лабораториясының меңгерушісі қызметін атқарып келеді.

Осы институтта А.Баешов электрохимия саласында ынты-шынтысымен жұмыстар орындап, біраз ғылыми нәтижеге қол жеткізді. Платина, палладий, родий элементтерінің айнымалы токпен поляризациялау негізіндегі еруі және бұл қымбат металдардың ұнтақтарының түзілу механизмдері жан-жақты зерттелді. Олардың жаңалықтары патенттермен қорғалды. Сол секілді молибден, вольфрам, индий, висмут, селен, күкірт, никель, мырыш, темір және т.б. металдардың стационарлы және стационарлы емес токтармен поляризацияланған кездегі электрохимиялық қасиеттері жан-жақты зерттеліп келеді.

Академик А.Баешовтың ғылыми жетекшілігімен Атырау, Шымкент, Павлодар мұнай өңдеу зауыттарынан шыққан ластанған суды тазалау тәсілі пилотты және үлкейтілген өндірістік сынақтан өтіп жатыр.

Көптеген лабораториялық зерттеу негізінде түсті және қымбат металдардың рудасын флотациялық байыту кезінде, флотореагент ретінде қолданылатын натрий және кальций сульфидін алу технологиясы жасалынып, ол Балхаш тау-кен комбинатында үлкейтілген лабораториялық сынақтан ойдағыдай өтті.

Мұнай өндіру кезінде түзіліп, көп мөлшерде жақын территорияларда жинақталған күкіртті А.Баешов ең алдымен құнды шикізат ретінде қарастырады. Химиялық реакцияларға оңайлықпен түсе қоймайтын, электрохимиялық белсенділігі де өте төмен күкіртті жаңадан ойлап тапқан әдістерімен ерітіп, содан сулы ерітінділерде пайдалы қосылыстар алу технологиясын жасады. Сонымен қалдық ретінде жинақталған күкірттен флотореагенттер алу – әлемдегі жаңа технологиялардың бірі болып тұр. Бұл әдістің жаңалығы бірнеше патенттермен қорғалды. Айта кететін мәселе: натрий және кальций сульфидтері Қазақстанда өндірілмейді, ол өте қымбат бағамен Ресейден және Қытайдан сатылып алынады.

Әбекеңнің ұстазы, ғұлама ғалым Евней Арыстанұлы ғылыми жұмыстармен бірге жазушылық кәсіппен шұғылданғаны көпшілікке мәлім. Евней ағаның әдебиет саласындағы жазып кеткен кітаптары жеткілікті. Ұстазына еліктеген Әбекең музыка саласында да өз үлесін қосып жүр. Көптеген музыкалық аспаптарда шебер ойнайды, өзінің ой-толғаныстарын күй, ән түрінде де халыққа жеткізіп жүр. 1996 жылы «Яссауи толғауы» атты күйлер жинағы Алматыдағы баспадан шықты. Бұл күйлер жинағына «Яссауи толғауы», «Түркістан», «Тұран», «Репрессия», «Ұстаз», және де басқа күйлері енгізілді. Әбекеңнің жазған «Гүл ару», «Өмірімнің жұлдызы», «Өмір-өлең», «Түркістан жастарының вальсі» және тағы басқа өлеңдері еліміздің оңтүстік өңірінде жиі айтылып жүр. Әбекеңнің «Өмір-өлең» әні облыстық «Арай» ән-күй фестивалінде екінші орын алса, Кентау аймағы композиторларының конкурсында «Түркістан жастарының вальсі» әні бірінші орын алды.

Академиктің студенттерге қажетті оқулықтар дайындауға үлкен көңіл бөледі. Мысалы, өзі және шәкірттерімен бірге бірнеше оқулық жазды. Атап айтқанда, «Қоршаған орта химиясы», «Экология негіздері», «Практикум по химии окружающей среды», «Электрохимия негіздері», «Биоорганикалық химия практикумы», «Экология және таза су проблемалары», «Физика-химиялық анализ әдістері», «Электрохимиялық анализ әдістері», «Қоршаған орта химиясы бойынша тестік тапсырмалар жинағы» секілді оқулықтар студенттер үшін таптырмас көмек құралы болып тұр.

Жалпы, Сыр елінің сардар ұлы, қазақтың мақтанышы, химия саласының білгірі Әбдуәлі Баешов туралы тағылымды ой тарқату мұнымен шектелмейді. Бұл академик асуының бастауы ғана. Алда терең толғанатын тәмсіл ойлар жазыла береді. Ең бастысы, ғылымның биігін бағындырған ел ағасының еңбегі өшпейтін із қалдырды.

Қаныбек ӘБДУОВ.

Шабыттан туған терең ой

Нұрлан Оразалинның төртінші әлемі

1966 жылдың тамыз айында республикамыздың түкпір-түкпірінен бір топ жастар келіп, сол кезде КазГУ атанатын университеттің журналистика факультетіне оқуға түстік. Бұрынғыларды қайдам, ал бұл жолы журналистикаға түскендердің бәрі шетінен мықты, бірі бірінен өткен ағып тұрған ақын болатын. Міне, осындай асқақтаған көңілмен университеттің табалдырығын аттап, біраз күн студенттік жаңа өмірге бой үйретіп, жанжағымызға қарасақ... біз сияқты ақындар, тіпті, бізден де әлдеқайда мықты ақындар бұл жерде бұрыннан толып жүр екен. Солардың бірі – бізден бір курс жоғары филология факультетінде оқитын Нұрлан Оразалин еді. Ол кезде университетте поэзия кеші, басқа да шығармашылық басқосулар жиі өткізілетін; және олардың көбі түрлі қызу пікір таластарына, ой бөлісулерге ұласып жататын. Міне, осылардың бәрінде де студент Нұрлан Оразалин ерекше көзге түсетін. Қазір ойлап отырсам, Нұрлан сол кезде жиырмаға да жетпеген жап-жас екен, бірақ соған қарамастан, сөзі мірдің оғындай еді, жұрт алдына шыққа ештеңеден қысылмай, барынша еркін және қызуқандылықпен көсіле сөйлейтін.

Осылай жүргенде Нұрлан Оразалин және бір қырынан жарқ етіп көрінді. 1976 жылы, яғни әлі отызға да толмаған ақынның Алматыдағы республикалық балалар мен жасөспірімдер театрында «Шырақ жанған түн» атты тұңғыш пьесасы сахналанды. Шындығына келгенде, «сахналанды» деп жай ғана айта салу аздық етеді;«жарқырап көрінді» десек, әлдеқайда нақтырақ болатын шығар. Яғни бұл қойылымды көрермен қауым барынша жылы қабылдады, соған орай «Шырақ жанған түн» пьесасы жас қаламгердің тұңғыш туындысы ғана емес, сол кездегі қазақ драматургиясына соны леп, ерекше бір жаңалық әкелген дүние ретінде бағаланды.

Сөйтіп жетпісінші жылдардың ортасынан бастап Нұрлан Оразалин атақты ақын ғана емес, республикамыздағы ең белгілі драматургтердің қатарынан орын алды.

Ал сексенінші жылдардан бастап Нұрлан Оразалин қоғам қайраткері ретінде көзге түсе бастады. Ең әуелі Театр қайраткерлері одағын басқарды; ширек ғасырға жуық уақыт ішінде бірнеше рет ең жоғары дәрежедегі депутат болып сайланды; еліміздің аға газеті «Егемен Қазақстанның» тізгінін ұстады. Ал қазір Қазақстан Жазушылар одағына ұзақ жылдардан бері жетекшілік етіп келеді.

Студент кезімізден қатар жүріп, әдебиетке де ілгерілі-кейінді бір заманда келген менің өзім де Нұрланды осы тұрғыдан танып, мойындайтын едім. Ал қаламгердің толық шығармалар жинағына кіретін осы оныншы томның қолжазбасын қолыма алып, танысып шыққаннан кейін бұл пікірім біраз өзгеріп және бір тоқтаммен толықты. Яғни, бұл оныншы том Нұрлан Оразалинның бұрын маған мүлдем беймәлім (өзгелер үшін де солай деп ойлаймын)жаңа бір әлемін ашып, оның дарын-қабілетінің төртінші бір қырын көрсетіп берді.

Осыған орай, бұл пікіріміз жөнінде кеңірек сөз етпестен бұрын ең әуелі жинақтағы шығармаларға қысқаша тоқталайық.

Жинақтың «Тамырлар» атты бірінші бөлімінде Нұрлан Оразалин ұлы Абайдан бастап қазақтың әйгілі ақындары Махамбет, Сүйінбай, Дулат, Шәкәрім жөнінде ой қозғайды; «Алашорданың» көсемдерінің бірі Әлихан Бөкейханов туралы сыр шертеді.

Ал «Арналар» деген жалпы тақырыппен берілген екінші бөлімде қаламгер қазақ халқының рухани тарихында айрықша із қалдырған, бүгінгі ұрпақтың басым көпшілігі көздерін көріп, сөздерін тыңдап, ғибрат-тәрбиелерін алған Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы, Ілияс Омаров, Қасым Аманжолов, Әбділдә Тәжібаев, Хамит Ерғалиев, Жұбан Молдағалиев, Зейнолла Қабдолов, Әзілхан Нұршайықов, Ғафу Қайырбековтердің шығармашылық мұрасы мен азаматтық болмыстарын жан-жақты ашып көрсетеді. Сондай-ақ, Қазақстанның өз ішімен ғана шектелмей, Қытай жеріндегі қазақтың дүлділ ақындарының бірі – Таңжарық Жолдыұлын да әңгімеге арқау етеді. Қырғыздан шығып, бүкіл әлемді мойындатқан атақты Шыңғыс Айтматовқа да байланысты тартымды естелік айтады. Тағдыры өте күрделі, ғұмырын қоғамдық қайраткерліктен бастап, ақын болып аяқтаған Асанбай Асқаров жөнінде де көпшілік бұрын-соңды біле бермейтін тосын да қызықты әңгіме қозғайды.

Жинақтың «Тұлғалар» деп аталатын үшінші бөліміне қаламгер Мұқағали Мақатаев, Тұманбай Молдағалиев, Сәкен Жүнісов, Жұмекен Нәжімеденов, Әбіш Кекілбаев, Рымғали Нұрғалиев сынды шығармашылық ортаға сонау алпысыншы жылдардың басында келіп, ұлттық әдебиетімізді бүгінгідей биік деңгейге көтерген тұлғалардың шығармашылық өмір жолын көркем сөз, айшықты оймен шебер баяндайды. Өмірге өзімен қатар келген, әдебиеттің табалдырығын бірге аттап, тартымды туындыларымен қалың көпшіліктің құрметі мен ризашылығына бірге бөленген, бірақ өкінішке қарай бүгінде ортамызда жоқ Сағат Әшімбаев, Кеңшілік Мырзабеков, Әшірбек Сығай туралы да сағынышқа толы сыр шертеді.

Жинақтағы аты аталған тұлғалардың тізіміне қарап отырып Нұрлан Оразалинның бұл жаңа кітабы қазақ халқының бүгінгі мәдени-рухани жетістіктері мен көтерілген деңгейін барынша жан-жақты қамтитын маңызды дүние екендігіне анық көз жеткізуге болады. Міне, осы тұрғыдан келгенде Нұрлан Оразалин негізгі мамандығы филолог, яғни әдебиеттану болғандықтан бұл саланы жетік меңгергені айқын аңғарылады. Бұл біржағынан заңды да; өйткені біз оқыған жылдарда университеттің филология факультетінде Бейсенбай Кенжебаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Зейнолла Қабдолов сынды ұлттық әдебиеттің арғы-бергі тарихын, жалпы бүкіл адамзатқа ортақ әдебиеттану ғылымының қыр-сырын жетік білетін, бірі бірінен өткен ғұлама ғалымдар ұстаздық ететін. Әдебиет зерттеу саласының бүгінгі таңда біз білетін ең үздік тұлғаларының басым көпшілігі осы ұстаздардың алдын көріп, тәлім-тәрбиесін алып, түлеп ұшқан еді. Нұрлан Оразалин де – сол мектептің, сол ұстаздардың шәкірті.

Бұл жинақтағы Нұрлан Оразалинның сыншы, зерттеуші ретінде сүйсіндіретін екінші ерекшелігі – зерттеу еңбектерінің тілі барынша құнарлы әрі тартымды, көркем екендігі. Бұл ерекшелік те әдебиетке қатысы бар кез-келген зерттеуші мен сыншыға өте қажет. Өйткені, сөз өнері жөніндегі дүние, мейлі ол жұрт алдында айтылатын баяндама болсын немесе баспасөз бетінде жарияланатын зерттеу мақала болсын, ең алдымен тыңдаған, оқыған кісінің жан дүниесін баурап, әсерлендіруі тиіс. Бұл үшін автордың өзі сөз зергері, қазақтың бай да құнарлы тілін қиыннан қиыстырып, айтар ойын әдемі теңеулермен, кедір-бұдыры жоқ сұлу тіркестермен нақты, қызықты әрі тартымды етіп жеткізе алатын болуы керек. Нұрлан Оразалинның бұл жинақтағы дүниелерінің кез келгені6 міне, осындай сұлу да таңғажайып сұлулығымен, көркемдігімен риза етеді.

Жинақтағы Нұрлан Оразалинның сыншы, әдебиет зерттеушісі ретіндегі үшінші ерекшелігі – қандай ақын, жазушы туралы қалам тербесе де, жеке бір тұлғаның суреткерлік ерекшелігімен, оның туындыларының көркемдік сапа-дәрежесімен ғана шектелмейді; сонымен қатар, айтар ойын қазақ халқының қазіргі және болашақтағы ұлттық жағдайының ең өзекті мәселелерімен де тығыз байланыстыра отырып сөз қозғайды. Бұл – бүгінгі таңдағы қазақ әдебиеті, нақтырақ айтқанда,біртұтас мәдени-рухани құндылықтарымыз үшін өте маңызды шарт. Өйткені, кез-келген шығармашылық тұлғаның туындысы өз ұлтының бүгініне де, ертеңіне де қызмет етуі тиіс; дүниеге келген әрбір жаңа толқын, жас ұрпақтың санасына, ақыл-ойына, ұғым-түсінігіне, намысы мен патриоттығына қанат бітіруі керек. Соған орай, қаламгер өз ұлтының өсіп-өркендеуіне, өзгелермен терезесі тең ел болуына қандай кемшіліктер, нендей керітартпалық пен бойкүйездіктер кедергі жасап, аяққа тұсау болып отыр – соның бәрін артық айтып үркітіп алмай, кем айтып, бей-жай қалдырмай, намысты оятатындай, сананы сілкіндіріп, жігерлендіретіндей көркем тіл, асыл сөз, салмақты оймен жеткізе білуі керек. Міне, осындай шығармалар ғана өз халқымен бірге мәңгі жасайды; ұрпақтан ұрпаққа ауысып, өз ұлтының нағыз асыл дүниелеріне айналады. Абайдың ұлы ақын болатыны, оның шығармаларының қай заман, қандай қоғам келсе де, көркемдік құндылығы мен рухани маңызын титтей де жоғалтпай, керісінше бағасының уақыт өткен сайын арта түсетіні де ең алдымен осыған байланысты. Нұрлан Оразалин бұл жинақтағы шығармаларында ақындар мен қоғам қайраткерлері туралы сөз қозғағанда айтар ойын, негізінен, осы тұрғыдан түйіндейді. Бұған нақты бір мысал келтірейік. «Арсыз болмай атақ жоқ, Алдамшы болмай бақ қайда?!» дейді ұлы Абай... Сонау он тоғызыншы ғасырдың төрінен бүгінгі заманның құйтырқы мінезін көріп-біліп тұрғандай сөйлейді ғұлама жан... Белгілі жырдың әлгіндей өмірдің ащы шындығын қақыратып айтар тұстарын оқып отырып, бүгінгі дәуір, замана ақиқатын аңғарғандай болатынымыз анық...»,–деп жазады қаламгер Нұрлан Оразалин, «Абай биігі – ұлт биігі» атты толғанысында. Бұл – даусыз шындық. Жиырма бірінші ғасырдың төрінде отырған мына біздің қазір данышпан Абай ақынның сонау он тоғызыншы ғасырдағы айтқанын күн сайын көзімізбен көріп, естіп, біліп отырған жайымыз бар. Ақынның шығармаларының мәңгілік құндылығы да осында, яғни, болашақта болатын келеңсіз жағдайларды алдын ала дөп басып сезіп, айта білген көріпкелдігінде. Нұрлан Оразалин Абай туралы сөз қозғағанда оның шығармаларына осы тұрғыдан баға береді; ұлы ақынның әр туындыларының бүгінгі заманға сай келетін тұстарын барынша жарқыратып, ашып көрсетеді. Соған орай жұртшылықты ақын өлеңдерін тағы бір қайталап оқуға ғана емес, сонымен бірге оларды бүгінгі күнде айналамызда болып жатқан уақиғалармен салыстыра, баға бере, ойланып оқуға ынталандырады.

Нұрлан Оразалинның Махамбет ақын туралы зерттеуіне де қатысты тура осындай тоқтам жасауға болады. Біз әдетте Махамбетті дауылпаз ақын ретінде көбірек білеміз; бірінші кезекте оның жауһар жырларына назар аударамыз.

Нұрлан Оразалин бұл жинақтағы шығармаларының бәрінде де өз кейіпкерлерін тура осылай, бүгінгі заман қайраткерлерімен тең дәрежеде, жан бітіре бейнелейді. Бұған қаламгердің өзінің де соңғы отыз-қырық жылда алуан түрлі уақиғаларға толы қоғамдық ортаның бел ортасында жүрген қайраткерлік қызметі де, осы қызметтерде жүріп көрген-білген, көңілге түйген ой-тұжырымдарының да оң ықпалын тигізгені анық.

Сөзімізді қорытындылай келе айтарымыз, Нұрлан Оразалинның бұл жинағы тек бүгінгі әдебиетімізге ғана емес, жалпы бүкіл ұлттық-рухани дүниемізге қосылған жаңа бір жақсы жаңалық; әдебиетіміздің арғы-бергі тарихына қатысты даңқты тұлғаларымызды өзгеше қырынан көрсететін айрықша құнды, бағалы дүние екендігі даусыз.

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ,
жазушы-драматург,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

АМАНБАЙ АХУН

Кеңес үкіметі кезеңінде құдайсыздық кеңінен насихатталды. Ұлы орыс халқынан өзге бұратана ұлттар мен ұлыстардың әдеп-ғұрпы, тілі, діні мен мәдениеттілігіне көлеңке түсіп, кең етек жайып кетуіне тұсау салынды.

«Ұлыны ұлы тұтса – құт болар» деп бабаларымыз айтқандай, халқымыздың тарихында сол кезде де біртуар тұлғалар аз болмаған. Осындай қысылтаяң шақтың қыспағын көріп, нәубет тақсыретін таратқан жандардың бірі Қазалы өңірінде ислам ілімін таратушы, бала кезіміздің аты жанымызға жақын Аманбай ахун бабамыз еді.

IX-XX ғасырларда Сыр бойында өмір сүрген, имандылық ұлағаттарымен және әулиелік қасиеттерімен елге танымал болған бабамыздың тегі – Кіші жүз-Әлім-Кішкене-Асан-Қожамберлінің Райы болып келеді. Райдан Мұлкәмән, одан Таңқай, Таңқайдан Мырзабек туған. Мырзабектен Айтуған, Жақсылық, Арыстан, Аманбай атты ағайынды төрт жігіт тараған.

Аманбай ахун 1858 жылы қазіргі Қазалы ауданы, Сырдария өзенінің оң жақ бетіндегі Әлсейт көпірінің жоғары жағында дүниеге келген. Аманбайдың 9 жасында әке-шешесі қайтыс болып, ағасы Айтуғанның қолында тәрбиеленеді. Ағаларының шаруаларына көмектесе жүріп, сол кездегі патшалық Ресейдің Қазалы қаласындағы мектебінде 6 айдай оқиды. Ағалары «сен түбінде оқитын болсаң, мұсылманша оқы» дейді.

Бойын үлкен үміт пен зор мақсат сезімі билеген он екі жасар бала жігіт 1870 жылдары шығыстың атағы жер жарған сәулетті шаһары – Бұхараға аттанады. Үкілеген үміт оты жанып, Бұхарадағы медреседе бес жыл оқиды. Діни білімі жөнінде шатырхат алып, кіндік қаны тамған туған жер төсіне қайтып оралады. Өзімен бірге аталас Құрман баласы Жайман ахун да оқу бітіріп келеді.

Ұзамай, бұл жақсылық хабарды дарияның батыс бетіндегі ағайындар естіп, «Аманбай, саған мешіт салып береміз, біздің ортамызға кел, халыққа мұсылманша білім беріп, олардың санасын оят» деп қолқа салады. Сөйтіп, ауылы аралас ағайындардың талап-тілегі мен ыстық ықыласын жылы қабылдаған ол исламды, құранды, шариғатты көпшілік арасында таратушы білімдардың өкілі ретінде танылды. Халықты имандылық, әділдік, адалдық, тазалық, адамгершілік, қайырымдылық жолына шақырды. Ізат, Сахи, Аман, Шарапат, Әбдірауық, Дабыл, Ысқақ, Балтабай, Төремұрат, Әбдірейім, Тоққожа, Нағыман, Төлебай, тағы басқа көптеген елге танымал молдаларды тәрбиелеп шығарып, мұсылман дінінің берік орнығып, нығая түсуіне ұйтқы болды. Жоқ-жұқа, жетім-жесір жандарға қолын созып, қамқорлық танытты. Ахундық дәрежеге көтеріліп, исламның білікті ағартушылары қатарынан орын алды.

1936 жылғы қуғын-сүргін кезінде ағайындардың ортасында болып, мешітте бала оқытып, еліміздің күрделі тарихындағы қасіретті жылдары Аманбай ахун мешіті ел балаларына білім нұрын құйған ілімді ұяға айналады. Күні бүгінге дейін көнекөз қариялар сол мешіт болған орынды, Аманбай ахун мешітінің орны деп айтып жүр. Ізгі жәдігерліктерімізді парасатпен құрметтеу – қоғамымыздың рухани жаңғыруының маңызды кепілі. Аманбай ахун ұлағатты ұлығымыз, киелі де қасиетті қадірліміз. Сол сияқты ұрпақтар құрметіне әмсе де лайық, ел қадірлеген тарихи тұлғаларымыз көп. Қазіргі ұрпақ сол алтын қазыналарымызды қастерлеп-құрметтеу арқылы баршамыздың өнегелі ісімізді, өріс пен ізгілік ілтипатының алтын көпіріне айналдыруы тиіс.

Қазақстан басшылығына партияның қанқұйлы жендеті Ф.И. Голощекин келген тұстары Боташ баласы Сухамберлі салдырған мешітті имандылық үйі етіп, дүйім жұртқа мұсылманшылық қағидаларын танытып, білуге уағыздап жүрген Аманбай ахун қуғын-сүргінге ұшырайды.

Діндар азамат халық жауы деп жазықсыз жазаланып, Қазалы түрмесіне жабылады. Сол кезде Аманбай ахун атамыздың кейбір кереметтері түрме күзетшілерінің таңғалдырып, көңілдеріне үрей ұялатады.

Ол кісі мезгілді намазын оқитын кезде абақты есігіндегі құлып өздігінен ашылып кетеді. Сәждеге бас қойып, мұсылмандық парызын өтеп, бөлмесіне кірісімен қайта құлпталып қалады. Бұл таңғаларлық жайт кейін түрме басшыларының құлағына жетіп, ешкімге артық ауыз сөз айтпайтын жанға жанашырлық пейіл тантып, қамқорлық жасайды. Облыс орталығынан арнайы шақырумен келген ұлттық қауіпсіздік мекемесінің офицері, башқұр жігіті ахунмен ортақ тіл табысады. Күзет басшыларына қажетті құжаттарын дайындаттырып, абақтыдан босаттырады. Бірақ, үнемі заң орындары қызметкерлерінің бақылауында тұрады.

Мешіт ұстап, ислам дінінің жұртшылық арасына таралуына белсене атсалысқан имамиад өкілдерінің қатарында есімі ауызға алынатын Аманбай ахун 1942 жылдың желтоқсанында фәни дүниеден озады. Оның сүйегі ақ жауып, аруланып, дария жағасындағы «Иланды» қорымына қойылды.

Аманбай ахуннан Әлима атты бір қыз, Қайрулла, Нұфтулла есімді екі ер бала тарайды. Балаларының екеуі де Ұлы Отан соғысына қатысады. Бір баласы Нұфтулла соғыста алған жарақатынан 1952 жылы, Қайрулла мақсым 1976 жылы қайтыс болады. Аманбай ахуннан қалған тұяқ Нұфтулла баласы Зинадин қазір Қазалы ауданы, Жанқожа батыр ауылында балалы-шағалы, абыройлы өмір сүріп жатыр.

Халқымыздың мәдени-рухани тұрмысын өркендетуге бағытталған «Мәдени-мұра» бағдарламасы аясында республикамыздың түкпір-түкпірінде игілікті шаралар өтті. Осы мақсатта сол Аманбай ахун еліндегі көнекөз қариялар, зиялы азаматтар, бүкіл ел болып бір тұжырымға келіп, ауыл ортасынан еңсесі биік, қазіргі заманға сай, келешек ұрпақтың діни сауаттылығын арттыру мақсатында мешіт үйін салу үшін, 2007 жылы «Аманбай ахун» қоғамдық қоры құрылып, оның президенттігіне мен сайландым. Қордың мақсаты – Бекарыстан би ауылындағы көне мешіттің орнына жаңадан мешіт үйін салу болатын. Мешіт құрылысын салуға өзім басқаратын «Нағыман и К» ЖШС Бас демеуші болды. Бұл бастамаға ауыл, аудан әкімдері де ризашылықтарын білдірді.

Ардақты пайғамбарымыздың 461-і хадисінде «Кімдекім халықтың қамын жесе, Алланың шапағатына ие болады, Алла тағалланың жер бетіндегі жаратқандарына қайырымдылық жасаңдар, сонда Алла көктен сендерге мейірімін төгеді» делінген.

Осы қағиданы ұлғат тұтқан Бекарыстан би ауылынан шыққан зиялы азаматтар мен ауыл тұрғындарының қаржылай көмегінің арқасында «Аманбай ахун» мешітінің құрылысы 2007 жылы басталып, келер жылдың тамыз айында бабамыздың туғанына 150 жыл толу құрметіне халық игілігіне пайдалануға берілді.

Осындай елге мұсылман дінін таратушы, асыл да, біртуар адамның дүниеге келгеніне 2018 жылы 160 жыл толғалы отыр. Осы шараға алдағы қасиетті жылы бүкіл ел болып, Аманбай ахун бабамыздың өскен, өнген және туған жерінде өмір сүріп жатқан ұрпақтары осы күнді аудан көлемінде атап өтсе, халқымыздың мұсылмандықты, имандылықты жас ұрпаққа тәрбиелеу үлгісі болар еді деп есептеймін. Осыған орай, 10 жыл бұрын салынған Бекарыстан би ауылындағы «Аманбай ахун» мешітін күрделі жөндеуден өткізу де үлкен парыз.

Базарбай НАҒЫМАНОВ,
«Нағыман и К» ЖШС директоры.

● ТАБИҒАТ АЯСЫ

Көре білген адамға айналада әсем де көркті жерлер жетерлік. Әрине, әр өңірдің өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері сан алуан. Дегенде жердің жұмағы саналатын тау бөктері, сылдыраған бұлағы, саф ауасы мен шыбын-шіркейсіз саялы ағаштарының қою көлеңкесі адамды ерікісіз өзіне шақырып, бара қалса, жанын жадыратары сөзсіз. Жақын достары, отбасы мүшелерімен немесе қызметтестермен осындай таза ауада демалып, шаршағанды басқанға не жетсін! Тың идеялар мен жұмысқа деген белсенділік осындай саяхаттардан соң арта түсетіні бар. Реті келсе, аптасына болмаса да, айына бір рет салқын самал саялы жерде қымыз ішіп, шұбаттан сіміріп, бұлақ суына түскен керемет емес пе?! Оның үстіне қасыңда жаныңа жақын достарың, сүйікті адамың болса, одан артық не іздемексің. Иә, бәрі жақсы.., бәрі жақсы болады!..

ТАУ БӨКТЕРІНДЕГІ ТАМАША ДЕМАЛЫС

Біздің Сыр өңірінде жоғарыда өзіміз тамсана әңгіме еткен табиғаттың көркті жерлері Жаңақорған ауданының тұсындағы тау қойнауынан көптеп табылады. Сол әсем жерлерге солтүстік аудандардан, Қызылорда қаласынан ат арытып барып, демалғысы келетіндер аз емес. Кейбірі, діттеген жерлерін таба алмай, бір күн уақытын босқа жоғалтып, сілелеп кері қайтатын кездері де кезігеді. Машинасының майы тауысылып, жол бойындағы ауылдарға шелек ұстап сандалған шопыр қаншама. Әрине, бұл қолайсыздықтардың тиімді жолын табуға болады екен. Оны аудан әкімі Ғалым Әміреев айтты:

– Табиғат аясында демалушылар үшін әуелі бір орынды белгілегенді жөн санадық. Ол Шалқия кенттік әкімдігіне қарайтын Құттықожа ауылы. Бұл жерде «Тау самалы» атты балалардың жазғы тыныңу лагері бар. Міне, осы маңнан демалыс орнын ашуды жоспарлап отырмыз. Жоспарлағаны сол оның алғашқы жұмыстарына кірісіп те кеттік. Демалуға келушілерді жаңылыстырмас үшін аталған демалыс орнын «Тау самалы» деп атағанды жөн санадық. Мұндағы басты қолайлылық – ашылатын демалыс орны аудан орталығынан қашық емес, оған сүт пісірім мезгілде жетіп алуға болады. Ағни, уақытын босқа жоғалтпайды. Екіншіден, ақ балтыр теректер мен саялы ағаштар төккен таза ауасы қандай! Таза өзен суы мен айналадағы әдемі көріністер ше, мұның бәрі адамдардың демалысын пайдалы етіп,еңбек қабілетін арттыра түсері сөзсіз. Сонымен қатар, жергілікті кәсіпкерлердің де жұмыс ауқымы кеңейе түседі. Ағни, қымыз, қымыран дайындайды, көже суы мен түрлі сусындар ұсынады. Бағлан қозының еті мен жұртшылықтың әуес астары – жент, ірімшік, құрт-май, т.б., бәрі жергілікті таза өнімдер болса, екі жаққа да тиімді болмақ.

Жаңақорған ауданының жас та болса, көпті көрген әкімінің ұсынысы орынды секілді. Алайда, жүз естігеннен бір рет барып көрген артық. Мұны да ұйымдастырып қойған екен, әңгіме арқауы болған Құттықожа ауылына да барып көрдік. Облыстық, аудандық газет тілшілері, блогерлер... Бұл жерге ауданның басқарма, бөлім басшылдары да түгел келіп үлгеріпті. Расында мына жерің жәннаттың бауы секілді ме, сылдырай өзен ағып жатыр, теректер мен саялы ағаштар төбеден төнеді. Шүйгін шөп. Қою көлеңкенің әр жеріне әсем сәкілер жайғастырылып, екі қараша үй тігіліпті. Ақ бөзбен тұмшалаған қалқадан қыз-келіншектердің күлкісі естілгендей, бір жақтан түтін бұрқырайды.

«Тау самалы» демалыс орны деп белгіленген жердің аумағы 3-4 гектар шамасы-ау, бұрын бұл жерде Құрманбай бауы деген бау болған, оның иесі Акбар қария аудан әкімінің ұсынысына мойын бұрып, атасының атындағы баудың жарымын демалыс орнына беруге келісіпті. Сонымен жиылған жұртшылық алдында ауыл әкімі Молдахмет Ауанов сөйледі: – Қараша үйлер саны молайтылады, сонымен қатар шағын үйлер де салынады. Өздеріңіз көріп тұрғандай, сәкілер де демалысқа қолайлы жерлерге орналастырылады. Мұның бәрі осында келіп демалушылар үшін қолайлы жағдай жасаудың әрекеті. Бастысы неше түрлі ұлттық тағамдар осы жерде дайындалатын болады. Ал өзіміз ас әзірлейміз деген кісілер үшін ет пен көкөніс, бақша дақылы, басқа да сұраныстарын жеткізетін боламыз. Саяхаттау үшін мініс аты мен велосипедтер жалға берілсе, балалардың ойнауы үшін арнайы алаңдар салынады. Сонда келушілер өз қалауынша мәнді әрі сапалы демалатын болады, – дейді ол. Мұнан соң аудандық сәулет бөлімінің басшысы Зейнолла Әшірбеков былай түсіндірді:

– Автұрақтар салынады, кіре беріс маңдағы төбешікке әсем аңқұс бейнелерін орналастыру үстіндеміз, сондай-ақ, екінші төбешікке шығу үшін баспалдақтар салынады. Оның үстіне шығып, тау бөктерінің әсем көріністерін тамашалауға, естелік суреттерге түсуге мүмкіндік болады, бассейн салу, сарқырама жасау да ойымызда бар, – дейді. Қорытынды әңгімені аудан әкімі Ғалым Әміреевтің өзі айтты:

– «Тау самалы» демалыс аймағының ашылуы – үлкен іс. Осы істі қолдап, басы-қасында жүрген азаматтарға рахмет. Демалыс орнының ашылуы бір жағынан туристік қызметті жандандыру болса, екінші жағынан табиғатты белсенді қорғау шарасы болмақ.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы,
Құттықожа ауылы.

СУҒА ШОМЫЛУДА САҚТЫҚ КЕРЕК

Жаздың ыстық кезеңдерінде суға шомылу маусымы басталатыны белгілі. Осы орайда «Су – біздің досымыз және қасымыз» екенін естен шығармаған дұрыс. Адамдардың суда қауіпсіздік шараларын сақтамауы, жас балалардың жүзе білмеуі, мас күйінде суға шомылу орны толмас қайғы мен өкінішке айналып жатады. Күн қызбаса да, облыс көлемінде 2017 жылы суға кету бойынша 6 жағдай тіркеліп отыр, оның ішінде 4 ересек, 3 бала. Өкінішке қарай барлық жағдайлар өліммен аяқталған.

Суға батушының қорқынышы – құтқарушыны да абыржытуы мүмкін. Зардап шеккен адамға көмек көрсетерде өз қауіпсіздігіңізді естен шығармаңыз. Сабыр сақтап, егер суға кетуші су бетінде болса, онда оны артқы жағынан ұстау қажет. Ал суға кеткен жағдайда шашынан не қолынан тартып, су бетіне шығару керек. Өзіңіз немесе айналаңыздағылар құтқару қызметіне – 112, немесе жедел жәрдемге – 103 қоңырау шалып шақыртыңыз. Алғашқы медициналық көмекті 4-5 минут ішінде көрсетіп үлгеру керек. Қатерге ұшыраған адамға көмек көрсету мүмкіндігінше тездетіп оттегі жетімсіздігін қалпына келтіруден тұрады.

Суға кету жағдайы орын алса, ауыз қуысын судан, шырышты балдырдан тазалау керек. Сонымен бірге, тыныс жолдары мен асқазаннан сұйықтық шығып біткенше арқадағы екі жауырынның ортасынан мықтылап басқан дұрыс.

Суда қайғылы жағдайға ұшырамас үшін суда өзін-өзі ұстаудың қарапайым ережелерін сақтаған дұрыс. Әсіресе, тыйым салынған жерлерге бармай, тек қана рұқсат етілген жерлер мен жағажайларда шомылыңыздар.

Шектейтін белгілерден асып сүңгуге, суға көпірлерден, жағалаулардағы бөгетшелерден секіруге болмайды. Сондай-ақ, шомылып жүрген балаларды қараусыз қалдыруға, тамақ ішкеннен кейін және мас күйінде шомылуға болмайды.

Қаракөз БАЛАБЕКОВА,
ҚР ІІМ ТЖК «Апаттар медицинасы орталығы» ММ облыс бойынша филиалының басшысы, дәрігер.

Рамазан – айлардың сұлтаны

ҒАЛАМ ҚАШАН ЖАРАЛҒАН

Ғалам жаратылғалы қанша уақыт өтті деген сұраққа ғылым әртүрлі тұжырым жасайды. 3, 5 миллиард жылдардың арасын айтады.

Ал, дін не дейді?

... Бірде Мұхаммед пайғамбар Жәбірейіл періштеден:

– Екеуміздің қайсымыз үлкенбіз? – деп сұрайды.

– Кеңістікте бір жарық жұлдыз бар. Отыз мың жылда бір-ақ рет көрінеді. Мен сол жұлдыздың отыз мың мәрте шыққанын көрдім, – дейді Жәбірейіл.

– Ол жұлдыз менің нұрым еді, – дейді Мұхаммед, – Хақ тағала жаратқан соң менің нұрым кеңістікті елу мың мәрте айналып шықты. Әуелі менің нұрым жаратылып, кейін бүкіл жаратылыс пайда болды. Олай болса, мен үлкенмін.

Пайғамбарымыз осылай деген. Яғни, Мұхаммед нұрының жаратылғанына 1 миллиард 500 миллион жыл, өзге дүниенің жаратылғанына шамамен 900 миллион жыл өткен. Ал, нұрдың кеңістікте кемелденуіне 600 миллион жыл уақыт керек болған. Бұл – Алла ғылымының ақиқаты.

ҰЛЫҚ СИПАТ ПЕН КІШІК ҚАСИЕТТЕР

Бастауы, ақыры жоқ бір Алла. Күллі дүниенің басы да, соңы да өзі. Оның ғажайып асыл заты еш нәрсеге ұқсамайды, серігі жоқ.

Бірақ Алла адамды өз сипаттарына ұқсас етіп жаратқан. Мысалы, Алланың көру, есту, қалау, сабыр, тағы басқа сипаттары адамда да бар. Осы сипат, қадір-қасиеттерді тізіп санай берсек, 999 болып шығады екен. Мыңыншы сапа Періштелерге тиесілі. Мың бірінші сапа Алланың өзіне тән.

Адам бойындағы 999 қасиеттің 900-і дене қасиеті, 99-ы рух қасиеті болып келеді. Дене қасиеттері рух қасиеттерінің ұлғайып, күшеюіне қызмет етеді. Дененің әр он қасиеті рухтың бір кішік қасиетін демейді. Рухтың ең ұлық 9 сапасы 900 қасиеттен де, солар арқылы бүкіл сыртқы ғаламнан да нәр алады.

Адам бойындағы 999 жақсы қасиеттің дәл осынша жаман сыңары бар. Мысалы, көру-соқырлық, есту-кереңдік, жомарттық-сараңдық, осылай кете береді. Адамдағы қасиеттердің жақсы мен жаман жағы 50 де 50 немесе 70 те 30 пайыз болуы мүмкін. Адам сапасы осы қатынаспен анықталады.

999 қасиеттің біреуі ғана жоғары дәрежеде дамыса, ол адам халық ішінде үлкен құрмет иеленеді.

«Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі.
Іштегі кірді қашырса,
Адамның хикмет кеудесі», – деген Абай біз айтып отырған нәрселерді бес саусағындай білген.

ПЕРІШТЕ МЕН ШАЙТАН ТУРАЛЫ

Періште туралы Құранда, діни ғұламалар еңбектерінде өте көп мағлұмат бар. Оқи бергің келеді. Таңғаласың, тамаша бір күйге енесің.

Періштелер – Алланың тікелей көмекшілері. Жаратушыны жүзбе-жүз көрмесе де, еркін тілдесе алады. Олар өте білімді, егер Алла оларға: «Жердің асты мен үстіндегі судың есебін айт» десе, адам кірпік қағам дегенше айтып бере алады. Сол қасқағым сәтте жерге түсіп, қайтадан көкке көтеріледі. Ғажап емес пе?!

Егер періштелер жерге түспесе білімі теңіздей терең аталарымыз «айтқаның періштенің құлағына шалынсын» демес еді. Періштелердің құлағы отыз тоғыз күн жабық, бір күн ашық болады екен. Оның осы қырық күннің қай күнінде ашық болатынын адамдар білмейді. Үлкен кісілердің: «Аузыңа абай бол, періште аумин деп жүрмесін» деп кейитіні тегін емес.

Ал, шайтан туралы не айтуға болады? Оның жамандықтары біздің шашымыздан да көп. Бір ғана жақсы жағы бар. Егер шайтан дүниеге қызықтырмаса, адамдар фәни жалғаннан мүлдем түңіліп кетер еді.

КІМ ЖҰМАҚҚА БАРАДЫ?

Періштелер жердегі адамдардың тірлігін қалт жібермей қарап тұрады. Сосын өзара «Мына кісі жұмаққа лайық, ана кісінің орны тозақ» деген әңгімелер айтысады.

Осындай бір сәтте Алла оларға: «Араларыңнан біреуін жер бетіне барып, адамдарды сынап қайтыңдар» депті. Алланың осы өкімімен бір періште жарге адам бейнесінде түсіп, талдың көлеңкесінде намаз оқып отырған кісіге жолығады. Ол адам намазын ұзақ оқиды. Періште-адам да күтіп тұра береді. Әлдебір уақытта намазын болған әлгі кісі адам бейнелі періштеге зеки сөйлейді:

– Неғып тұрсың, селтиіп. Менде алашағың бар ма еді?

– Жоқ, сізге бір сұрағым бар еді.

– Айт, болса.

– Мына иненің көзінен түйені өткізіп жіберуге бола ма? – дейді сонда адам-періште қолындағы инені көрсетіп.

– Өзің бір топас екенсің. Түйе саған жіп пе еді?! Жоғал!» – деп әлгі кісі онан сайын зекіп тастайды.

Адам-періште біраз жер жүріп, тағы бір талдың түбінде ұйықтап жатқан адамға кез келеді. Зорға оятып алады, өзі мас екен.

– Сізге бір сұрағым бар.

– І-і-ім...

– Мына иненің көзінен түйені өткізіп жіберуге бола ма?

– Сен өзі құдайды танитын адамсың ба? –дейді мастығы тарқамаған әлгі адам, – егер құдай қалап тұрса, иненің көзінен түйені емес, керуенді өткізіп жіберуге болады.

Періште мекеніне қайтып оралады. Алла тағала одан:

– Екі адамның қайсысы пейішке барады? – деп сұрайды.

– Меніңше, керуен туралы айтқан адам барады.

– Ғайыпты мен ғана білем демеп пе едім. Ақылдарың жетпейтін іске араласпаңдар, – дейді Алла тағала.

Періштелер тәубеге келіпті.

Жиып-терген
Д.АЯШҰЛЫ.

ҚЫСТАҒЫ ЖЫЛУ ЖАЙЫН ЖАЗДА ШЕШІП АЛАЙЫҚ

Көктемде Хабар телеарнасынан көрсеткендей, «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК-ның «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-на қарызы 1 млрд теңге шамасында, өткен жылғы жылу маусымы үшін пәтер иелерінің орталыққа берешегі 500 млн теңгедей болды. Ал мұндай көрініс жыл сайын қайталануда. Бұлай жалғаса беруге болмайтыны түсінікті.

Ондаған жылдардан бері тұрғындардың «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК-на көзқарасы өзгерген емес. Қала басшылығы, сонымен қатар, жылу орталығының басшылары ауысып, жылу орталығындағы қондырғылар өзгертіліп, станцияда жаңа нысандар салынып жатса да, пәтерлерде жылу көтеріле қойған жоқ. Сонымен қатар, жылу орталығы қызметкерлерінің де жұмысы жеңілдеген емес. Салқын пәтерлерде адамдар сырқаттанып қалатын болса, оған қоса оның отбасының бюджеті, сол секілді «ҚЖЭО» МКК бюджеті де кемиді.

Қаланы жылумен қамтамасыз ету мәселесіне және тұрғындардың көңіл күйіне немқұрайлы қарай алмаймыз. Сол себепті, жылу мәселесінде ұзақ жылдардан бері неге бір орнымыздан жылжымай келе жатырмыз деген сұрақпен «ҚЖЭО» МКК-ның энергиямен қамтамасыз ету және энергия тиімділігі жөніндегі бас маманы Андрей Ен мырзаны әңгімеге тартқан болатынбыз.

Оның айтуынша, бұл жағдай 2014 жылдың 18 желтоқсанындағы қабылданған №221 нөмірлі «Жылу энергиясын пайдалану тәртібі» Ережесінің нормативтеріне немқұрайлы қарағандықтан орын алып келген. Ал енді жылу орталығының жаңа басшысы Б.Бадраймов алдағы жаңа жылу маусымында жоғарыда аталған Ереже нормативтерін жылу беруші де, оны пайдаланушы да, қысқасы, барлық тұтынушы басшылыққа алып жұмыс істеуі туралы шешім қабылдап отыр.

Бұл Ережеде мынандай тармақтары бар.

Кондоминиум нысанын басқарушы заңды тұлғалар жылу қондырғыларына өздері қызмет жасайды немесе келісім шарт бойынша арнаулы мекемені жалдайды. Тұтынушы (ПИК) өзінде бар техникалық мүмкіндігіне орай қосалқы тұтынушыны (пәтер иелері) жылу энергиясымен қамтамасыз етеді. Қосалқы тұтынушының жылу жүйесіне қосылуына және жылу беруші мекемемен келісім шартқа отыруына кедергі жасамайды.

Жылу жүйесінің тұрақты және қалыпты жұмыс істеп тұруы үшін тұтынушыға рұқсат етілмейтін жағдайлар бар. Оның бірі – жылу жүйесіндегі суды басқа мақсаттарға пайдалану (жылу жүйесі мен приборлардан суды ағызып алу). Егер мұндай әрекеттер анықталған жағдайда жылумен қамтамасыз етуші мекеме өкілдері акт толтырып, соның негізінде тұтынушының пайдаланған көлеміне орай қайта есептеулер жасалады. Бұл құжат жылу мекемесінің қызметкерінің және тұтынушының немесе оның өкілінің қолдары қойылғанда ғана жарамды. Акт толтыру кезінде тұтынушы немесе оның өкілі қол қоюдан бас тартқан жағдайда кемінде үш мүшесі бар комиссия құрылып, оның құрамына жылу беруші мекеме қызметкерлері кіреді. Көпқабатты үйлерде комиссия құрамына кондоминиумды басқару органының (ПИК) өкілдері кіреді. Осы кезеңге дейін мұндай актілерді толтыру кезінде тараптар бірін-бірі кінәлап, айтыс алаңына айналдырып, бір шешімге келе алмайтын. Әйтсе де, желіден су ағызып алуға ондаған жылдардан бері тоқтам жасау мүмкін болмай келеді.

Пәтер иелері үйлерінде жылу өз деңгейінде болмауы себепті жүйеден суды ағызып алатын болса, «ҚЖЭО» МКК соның салдарынан жүйедегі судың температурасын қалыпты деңгейге көтере алмай жатады. Немесе керісінше. Тұрғындар біз суды ағызып алатын себебіміз, сіздер жылуды дұрыс бермейсіздер дейді.

Тұрғындардың үй ішіндегі жылу жүйесінен ыстық суды ағызуы нәтижесінде орталықтағы қазандықтарды үстемелеп толтыру көлемі 750 текше метр/сағ-қа дейін жетеді. Демек, «ҚЖЭО» МКК осынша көлемдегі суды жылыту үшін қаншама газ бен суды артық жұмсап, ысырап жасауға мәжбүр. Сондай-ақ, қымталмаған мұржа, газ құбыры да артық шығын әкеледі.

– Жыл сайын жылу маусымы басталғанда жарысқа қатысқандай, әрбір үйдің қысқа мерзімде жылуға қосылғандығы туралы штаб алдында есеп беріп жатамыз. Ал бұл кезде үйлердің ішкі жылу жүйелерінің іші жартылай бітеліп, соның нәтижесінде жылу құбырлары мен приборларының жылу өткізгіш коэффициенттері төмендеп кетеді. Үйлердің ішкі жылу жүйелерін жыл сайын жуып тұру керек және жылуды бір ай бұрын қосып тексеріп алу қажет, – деді осы орайда «ҚЖЭО» МКК өкілі бізбен әңгімесінде.

Оның айтуынша, барлық субъектілер адалдық танытып бірлессе, жоғарыда аталған пробемалар шешімін табады. Сондықтан да келісім шарт «ҚЖЭО» МКК, ПИК және пәтер иелері арасында жасалуы тиіс. Осы уақытқа дейін жылу беру мәселесінде ПИК-ке маңыз аударылмай келгені рас.

Қазіргі таңда көпқабатты үйлердегі балкондар қонақ бөлмелермен жалғасып кеткен. Соған орай, жылу приборлары өзгертіліп, секциялар саны көбейтіледі. Ал бірақ жылуға қосымша ақы төлемейді.

А.Ен алдағы жаңа 2017-2018 жылғы жылу маусымында жылуды жеткізуші – «ҚЖЭО» МКК-мен тұтынушылар – ПИК және «Тұрғын үй қызметі» арасында жасалатын келісімшарт жасалатынын айтты Жеткізуші өзінің жылу жүйелері арқылы жылуды көпқабатты үйдегі элеватор торабының бірінші задвижкасына дейін келісілген температуралық режимде жеткізіп береді. Тұтынушы өзінің техникалық мүмкіндіктерімен жылуды қосалқы тұтынушыларға – пәтерлерге жеткізеді. Қосалқы құтынушылар тұтынушының келісімімен жылумен қамтамасыз етуші мекемен тікелей келісім шартқа отырады. Егер бұрын көпшілік пайдаланатын өжірені, шатыр астын жылытатын жылу есепке алынбай келсе, енді барлық пәтерлерге теңдей бөлініп есептелетін болады.

Қысқасы, барлық тараптар келісімшартқа отырып, «Жылу энергиясын пайдалану тәртібі» Ережесінің нормативтерін толықтай орындап, ортақ мәселеге адалдық танытатын болса, бұған дейінгі орын алып келген проблемалар күн тәртібінен өзінен өзі түседі деді жылу орталығының өкілі сөз соңында.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

ҚОҒАМНЫҢ ЖЕГІ ҚҰРТЫ

Жемқорлық қоғамның барлық саласына – экономикаға, әлеуметтік салаға, саясатқа іріткі салуға ықпал етеді, ал оның осы көріністерден туындайтын жағымсыз зардаптары алға басқан қоғамның дамуына бөгет болады, сонымен бірге, ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне де нақты қатер төндіреді. Жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Мемлекет басшысы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі» деп көрсетті. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзыреттері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы осы жылдың қаңтар-мамыр айлары аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағытында бірқатар нәтижелі жұмыстар атқарды. Басқармада сыбайлас жемқорлық әрекеттердің және түрлі құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында әрбір қызметшіге мемлекеттік қызметке қабылданған күннен бастап құқықтары мен негізгі міндеттері, мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулер, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы мен Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің талаптары түсіндірілді.

Қызметшілердің жұмыс уақытындағы бөгде адамдармен ретсіз қарым-қатынаста болмау үшін келушілердің басқармаға кіріп-шығу тәртібі белгіленіп, қауіпсіздік шаралары күшейтілді. Басқарма басшылығының азаматтар мен заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі және 60-54-18 «Сенім телефоны» облыс аумағында таралатын «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінде жарияланып, облыс әкімдігінің ресми веб-порталындағы басқарманың сайтына орналастырылды. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтар мемлекеттік сатып алу саласында жиі орын алатынын ескеріп, қызметкерлердің бұл бағыттағы құқықтық біліктілігін арттыру мақсатында басқарманың ұйымдастыруымен семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізілді. Атап айтсақ, республикалық ақпараттық топ мүшесі ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік сатып алу заңнамасы департаментінің басшысы С.Ахметов Елбасы Жолдауына мемлекеттік мекеме қызметкерлері, кәсіпкерлер мен студенттер және мемлекеттік сатып алу саласына жауапты мамандар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бұдан бөлек, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы мен қағидасы бойынша Қызылорда қаласы мен барлық аудандарға жалпы 9 «дөңгелек үстел» өткізілді.

Биылғы 5 айда облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы қызметкерлері облыс әкімі аппаратының «Мемлекеттік қызметшілерді және бюджеттік сала қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру өңірлік орталығының» тыңдаушыларына «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар тақырыбында дәріс оқыды. Басқарма қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін және құқықтық деңгейін арттыру бағытында 13 құқықтық оқытулар ұйымдастырылды. Қолданылған алдын алу шараларының нәтижесінде басқармада сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық әрекеттерге жол берілген жоқ. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Жалпы ертеңі үшін елеңдейтін әрбір саналы азамат жемқорлықты ауыздықтау ісінде өзінің жеке үлесін қосқаны абзал. Жемқорлыққа қарсы күрес жанжақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс.

Әйгерім САРМОЛДАЕВА,
облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының бас маманы.

САУДАҒА ТҮСЕТІН НЫСАНДАР АНЫҚТАЛДЫ

Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында елімізде қарқынды жүріп жатқан жекешелендірудің екінші толқынының маңыздылығы, сондай-ақ ел экономикасына қарқын беретін, бәсекелік қабілетін арттыратын жаңа бағыт бағдары атап көрсетілген болатын.

Қазіргі таңда облыста кешенді жоспар бойынша жекешелендіруге жататын бірқатар кәсіпорын анықталды. Бұл ретте саяси құжатқа сәйкес жекешелендірудің тиімділігі мен жариялылығын қамтамасыз ету қажет.

Биылғы жылы 7 нысанды сауда-саттыққа ұсыну жоспарлануда. Оның ішінде 3 коммуналдық меншіктің нысаны және «Байқоңыр ӘКК» ҰК» акционерлік қоғамының 4 ұйымы бар.

Келер жылы 1 нысанды жекешелендіру жоспарлануда.

Бүгінде барлық нысандар бойынша сауда-саттық кестелері мен жол карталары әзірленді. «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына және жекешелендіру нысандарын сату Ережесіне бірқатар өзгерістер енгізіліп, сатуға қатысты рәсімдер жеңілдетілді.

Жекешелендіруге жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға қатыса алады. Аукционға, тендерге қатысу үшін қажетті құжаттар жекешелендіру нысандарын сату Ережесінде көрсетілген.

Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган не жергілікті атқарушы орган мемлекеттік мүлікті жекешелендіру туралы шешім шығарған күннен бастап мемлекеттік мүлік жекешелендіру нысаны болады.

Бұл үшін, облыс әкімдігі жанында заңды тұлғаларды және коммуналдық меншіктегі жылжымайтын мүлік нысандарын оңтайландыру мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия құрылып, жекешелендірудің мерзімі, түрі және шарттары бекітіледі. Жекешелендіру бойынша тұрақты комиссия құрамына Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және жергілікті өкілетті органдардың өкілдері енгізілген.

Жекешелендіруге жататын, сатылатын немесе сатылған нысандар туралы ақпарат, суреттерімен қоса мемлекеттік мүлік реестрін тіркейтін бірыңғай операторы болып табылатын – госреестр (www.gosreestr.kz) веб-порталында мемлекеттік тілде және орыс тілінде орналастырылады.

Т.ЖАҚЫПБАЕВ,
облыстық қаржы басқармасының басшысы.

НАРЫҚ ЖОСЫҚСЫЗ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚАЛАМАЙДЫ

Бәсекелестік – бұл нарықтық экономиканың болуының негізгі қағидаларының бірі. Бәсекеге қабілетті экономика – нарық субъектілердің экономикалық еркіндігін, жекешелік нысанының және кәсіп түрлерінің көптігін, кәсіпкерлердің бизнес – белсенділігін, олардың өндірісті жетілдіруде бәсекелестілігін, жаңалық енгізуін, жаңа өнім және қызмет өндіруді игеруін қамтиды.

Нарықтық экономиканың қалыптасу үрдісі уақыттың ұзақтығымен және қарапайым бәсекелестіктің дамуы және қалыптасуымен байланысты. Нарықтық экономиканы дамыту үшін бәсекелестікті дамытуға көңіл бөлу керек, себебі нарық және бәсекелестіктің ара-қатынасы бірбірімен сабақтас.

Қазіргі таңда кейбір нарық субъектілер бәсекелестіктеріне қарағанда құқыққа сыйымсыз артықшылықтарға қол жеткізу үшін жосықсыз бәсекелестікке жол береді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 177-бабына сәйкес құқыққа сыйымсыз артықшылықтарға қол жеткізуге немесе оларды беруге бағытталған бәсекелестіктегі кез келген әрекеттер жосықсыз бәсекелестік болып табылады. Жосықсыз бәсекелестікке тыйым салынады.

Жосықсыз бәсекелестікке мынадай әрекеттер жатады:

- тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ авторлық құқық объектілерін дараландыру құралдарын құқыққа сыйымсыз пайдалану, басқа өндірушінің тауарын құқыққа сыйымсыз пайдалану, бұйымның сыртқы түрін көшіріп алу, нарық субъектісінің беделін түсіру, көрінеу жалған, жосықсыз және анық емес жарнама, мәжбүрлі ассортиментпен тауар өткізу (сатып алу), бәсекелестің сатушысына (өнім берушісіне) бойкот жасауға шақыру, сатып алушыны (өнім берушіні) кемсітуге шақыру, нарық субъектісін бәсекелеспен шартты бұзуға шақыру, сатушының (өнім берушінің) қызметкерін сатып алушылық, сатып алушының қызметкерін сатып алушылық, коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты құқыққа сыйымсыз пайдалану болып табылады. Тұтынушыға тауардың сипатына, өндірілу тәсілі мен орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына және (немесе) оны өндірушілерге қатысты анық емес ақпарат ұсына отырып, тауарды өткізу, нарық субъектісінің өзі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарларын нарықтың басқа субъектілері өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлармен орынсыз салыстыруы болып табылады.

Ағымдағы жылы ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен 2 нарық субъектісінің («Алтайбаева Г» ДК және «Раманов и Ко» ЖШС) әрекеттерінен Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 177-бабы 2-тармағының 5,6-тармақшаларына сәйкес жосықсыз бәсекелестік түрі бойынша Қазақстан Республикасы бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілері анықталды.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 199-бабы 1-тармағына сәйкес Департаментпен аталған 2 нарық субъектісіне хабарлама шығарылып, хабарлама орындалды.

Сіздерден заңды және жеке тұлғалар (тұтынушылар), облыс және қала тұрғындары бәсекелестік экономикалық өсудің негізі факторы ретінде, сонымен бірге жоғары айтылғандардың негізінде, егерде нарық субъектілерінің әрекеттерін ен жосықсыз бәсекелестік белгілері орын алған жағдайда Департаментке хабарласуларыңызға болады.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің облыс бойынша департаменті.

ӘСКЕР ҚАТАРЫНА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Қазалыда тағылымды шара өткізілді. Айта кетерлігі, аталған шараға жиналғандардың шоғыры мол болды. Орталық аланда өткен болашақ сарбаздарды әскер қатарына салтанатты түрде шығарып салу рәсіміне қатысқан жастар, әскери борышын өтеуші азаматтардың ата-аналары мен тұрғындар әсерлі жиыннан зор әсер алғаны анық.

Рәсімде Әйтеке би кентінің әкімі Ардагер Ақжігітов ертеңгі сарбаздарға қырағылық пен сәттілік тілесе, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы, капитан Ғ.Бердібеков аманат хатын табыстады.

Сондай-ақ мерзімдік әскери қызметін Жамбыл облысында өтеп келген қазалылық азаматтарға Жамбыл облысы, Қордай ауданындағы Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекарасының «Шекара қызметінің үздігі II дәрежелі» медалі табысталды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да еліміздің мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы дертпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары әлеуметтік тұрғыдан пайда болғандықтан, оны болдырмау мен алдын алуды барлық мемлекеттік мекемелер қамтамасыз ету қажет екені баршамызға мәлім. Қазіргі қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың құқықтық сауаттылық деңгейі біршама жоғарылаған және өзінің құқығын білетін азаматтардың саны артқаны себеп болып отыр. Өз құқығын білу дегеніміз, бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру дегенді білдіреді.

Әрбір қоғам дамуының күнгей жағы мен көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалын жақсартып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Жер – ұғымы ерте заманнан келе жатқан үлкен ұғымды білдіреді ғғни қоғамда, адамдар өмірінде алатын орны ерекше екені баршаға мәлім. Жер-ұрпақтан ұрпаққа немесе атадан балаға мұра болып келе жатқан баға жетпес байлық. Оны қорғау, тиімді пайдалану, Заңмен бекітілген нормаларға бағыну баршамызға ортақ міндет.

Бүгінгі таңда, жер қатынастары саласы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарының болуы сыбайлас жемқорлық мәселесіне тосқауыл қоятын нақты бірден-бір құрал болып табылады.

Оған нақты дәлел, жер учаскелеріне құқық алу Қазақстан Республикасы Жер кодексімен және арнайы бекітілген стандарттармен айқындалған. Аталған стандарттарда мемлекеттік қызметтерді кімдер көрсетеді, қызмет көрсету мерзімі, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі және мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі барлығы қамтылған. Бұл, жер учаскесіне құқық алу мәселесінің ашық түрде жүргізілуінің көрінісі.

Жер қатынастары саласындағы көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттар көпшілікке қолжетімді «E-kyzylorda.gov.kz» сайтында орналасқан.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы Қызылорда облысы әкімдігінің және «Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылған.

Ш.ҚОЙШЫБАЕВ,
облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы.

АРНАЙЫ КОНТИНГЕНТТІҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН КӨТЕРУ

Қылмыстық атқару жүйесі департаменті ЗК-169/5 мекемесінде 25.05.2017 жылы сотталған азаматтар арасында өз-өзіне қол жұмсау және өз-өзіне дене жарақатын салуға, басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында «Адамның эмоционалды жағдайын басқару негіздері» тақырыбында семинар-тренинг жаттығуы өтті.

Семинарға облыстық прокурорының аға көмекшісі М.Ибрашев, облыстық жастар денсаулығы орталығының маман психологі М.Бексұлтанова, Қорқыт ата атындағы ҚМУ педагогика және психология кафедрасының оқытушысы С.Дәрібаева, Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЗК-169/1 мекемесінің психологі Ж.Жұматаева қатысты. Олар сотталғандар арасында ашық пікір алысу жұмысын жүргізіп, эмоциялық жағдайдың дұрыс қалыптасуы жөнінде мағлұматтар берді.

Мекемедегі сотталғандардың эмоционалдық жағдайда өзін-өзі басқара алмай эмоцияның жағымсыз түріне бой алдырып, ягни депрессиялық жағдайда түрлі суицидтік әрекетке бару қауіптілігінің алдын алу жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады.

Сонымен қатар, сотталғандар арасында мекеменің аға инспектор психологы сотталғандардың жаңадан келіп, орта жағдайына адаптациялық қалыптасуына, депрессиялық жағдайға түспеуін үлкен зейінмен қадағалап психопрофилактикалық жұмыстар жүргізіліп, басқа да мекемелердің психологтарының қатысуымен түрлі семинар-тренинг жаттығулары өткізіліп отырады.

Айдос ЖҮСІПБЕКОВ,
ЗК-169/5 мекемесінің аға инспектор психологы.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің 2017 жылғы 3 маусымдағы №69 «Қазақстан Республикасы аумағында бақылауды жүзеге асыратын жылжымалы көліктік бақылау посттарының маршруттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Қызылорда облысы бойынша Көліктік бақылау инспекциясының белгіленген маршруты – **«Қызылорда-Жалағаш - Арал және Қызылорда - Шиелі-Жаңақорған-Түгіскен-Келінтөбе автожолы».**

№25 ЖКББ «Хюндай 097AD11»
Жұмыс уақыты: күндіз 9:00 – 21:00, үзіліс 13:00 - 15:00 дейін;
түнгі 21:00 – 9:00, үзіліс 03:00 – 05:00 дейін.

№26 ЖКББ «Газель 450AN11»
Жұмыс уақыты: күндіз 10:00 – 20:00, үзіліс 13:00 - 15:00 дейін.

Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы.

(БСН 131140013599 Қызылорда облыстық әділет департаментінде 2013 жылдың 15 қарашасында тіркелген)

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қоры тұрмыстық зорлық-зомбылық (күш көрсету, психологиялық қысым жасалған, жыныстық немесе экономикалық зомбылыққа және т.б. ұшыраған тұлғалар) құрбандарына арнаулы әлеуметтік көмек көрсету қызметін жүзеге асырады.

Егер Сіз немесе Сіздің таныстарыңыз тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны немесе куәсі болсаңыз **8 /7242/ 26-23-35** сенім телефонына хабарласыңыз.

Біздің мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Төле би көшесі №47/2 («Бастау» бизнес орталығы жанында орналасқан).

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы негізінде «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қоры «Мүгедектердің ақпараттық технологиялық сауаттылығын көтеру және «Электронды әкімдік» бағдарламасын қолдануды үйрету бойынша жұмысты ұйымдастыру қызметі» әлеуметтік жобасын жүзеге асыруда.

Жоба аясында Қазалы, Арал, Шиелі аудандары мен Байқоңыр қаласында мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін екі айлық оқыту курстары ұйымдастырылуда. Оқыту курстарына жазылу төмендегі мекен-жайларда орналасқан кеңселерде жүзеге асырылады:

- Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16 үй, 5-қабат, 517 бөлме (Қ.Жүсіп - 87059533934);
- Шиелі ауданы, Шиелі кенті, М.Шоқай көшесі №53 үй (А.Смайлов - 87057297033);
- Арал ауданы, Арал қаласы, Әбілхайыр хан көшесі, №1 үй (Б.Нұржанов - 87011309291);
- Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі №23 үй (С.Абашева - 87477803034).

Қосымша ақпараттарды 8/7242/262335 байланыс телефоны арқылы алуға болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ компаниясы барлық құрылыс, көлік, мұнай өндіру және басқа компаниялар мен кәсіпорындардың басшыларының назарына «Құмкөл-Арысқұм-Жосалы» магистральды мұнай құбырының Қарағанды облысы Ұлытау ауданының, Қызылорда облысының Сырдария, Жалағаш және Қармақшы аудандарының аумағымен өтетінін жеткізеді. Магистральды құбырларды қорғау ережелерінің талаптарына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ-ның жазбаша рұқсатынсыз қорғау аймақтарында (құбырдың екі жағынан 25 м) қандай да бір жұмыс түрлерін жүргізбеуелеріңізді сұраймыз.

Автокөлік егелерінен және жақын маңда орналасқан елді мекен тұрғындарынан құбыр өтетін жолға таяу жердегі қозғалыс қауіпсіздігінің ережесін сақтауларын, құбыр желісінің бүтіндігін бұзбай қорғауларын және қорғау аймағында тек белгіленген автожолмен жүрулерін сұраймыз.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ Басшылығы.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті Құмкөл кенішіндегі газды пайдаға жарату цехының маманы Құлмағамбетов Жәнібекке ағасы
Құлмағамбетов Рысбек Жақсылықұлының
дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 23 мамырдағы № 791 қаулысы

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 05.06.2017 жылы № 5859 тіркелген

2017 жылға арналған субсидиялауға жататын ауыл шаруашылығы дақылдарының квоталарын белгілеу туралы

«Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №4-2/664 бұйрығына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 10190 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Белгіленсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес субсидиялауға жататын күріштің бірегей және элиталық тұқымдар квотасы;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес субсидиялауға жататын жоңышқаның бірегей және элиталық тұқымдар квотасы;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес субсидиялауға жататын жеміс-жидек дақылдары және жүзімнің элиталық көшеттерінің квотасы.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы «23» мамыр № 791 қаулысына
1-қосымша

Субсидиялауға жататын күріштің бірегей және элиталық тұқымдар квотасы

№	Тұқым шаруашылығының аттестатталған субъектілері мен аудандардың (қаланың) атауы	Бірегей тұқым өндірушілердің бірегей тұқымдарды нақты өндірген көлеміне, тонна	Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының нақты сатып алған бірегей тұқымына, тонна	Элиттұқымшардың егіске нақты пайдаланған өзі өндірген бірегей тұқымына, тонна	Тұқым өсіру шаруашылықтарының және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің нақты сатып алған элиталық тұқымына, сонымен қатар тұқымшардың егіске нақты пайдаланған өзі өндірген элиталық тұқымына, тонна
1.	«Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС	-	-	16,7	-
2.	«Түгіскен ТШ» ЖШС	-	-	3,1	-
3.	«Мағжан және К» ЖШС	-	21,8	-	-
4.	Жаңақорған ауданы	-	-	-	29,1
5.	Шиелі ауданы	-	-	-	41,3
6.	Сырдария ауданы	-	-	-	65,3
7.	Жалағаш ауданы	-	-	-	67,9
8.	Қармақшы ауданы	-	-	-	53,1
9.	Қазалы ауданы	-	-	-	25,5
10.	Арал ауданы	-	-	-	-
11.	Қызылорда қаласы	-	-	-	11,6
	Облыс бойынша:	**-**	**21,8**	**19,8**	**293,8**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы «23» мамыр №791 қаулысына
2-қосымша

Субсидиялауға жататын жоңышқаның бірегей және элиталық тұқымдар квотасы

№	Қала мен аудандардың атауы	Бірегей тұқым өндірушілердің бірегей тұқымдарды нақты өндірген көлеміне, тонна	Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының нақты сатып алған бірегей тұқымына, тонна	Элиттұқымшардың егіске нақты пайдаланған өзі өндірген бірегей тұқымына, тонна	Тұқым өсіру шаруашылықтарының және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің нақты сатып алған элиталық тұқымына, сонымен қатар тұқым шаруашылығының егіске нақты пайдаланған өзі өндірген элиталық тұқымына, тонна
1.	Жаңақорған ауданы	-	-	-	1,6
2.	Шиелі ауданы	-	-	-	1,2
3.	Сырдария ауданы	-	-	-	1,2
4.	Жалағаш ауданы	-	-	-	1,4
5.	Қармақшы ауданы	-	-	-	0,7
6.	Қазалы ауданы	-	-	-	1,0
7.	Арал ауданы	-	-	-	-
8.	Қызылорда қаласы	-	-	-	0,4
	Облыс бойынша:	**-**	**-**	**-**	**7,5**

Ескертпе. Аббревиатураның толық жазылуы:
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
Оригинатор – бірегей тұқым өндіруші;
Элиттұқымшар – элиталық тұқым шаруашылығы;
Тұқымшар – тұқым шаруашылығы.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы «23» мамыр № 791 қаулысына
3-қосымша

Субсидиялауға жататын жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерінің квотасы

№	Қала мен аудандар атауы	Нақты сатып алынған жеміс-жидек дақылдарының элиталық көшеттері, дана	Нақты сатып алынған жүзімнің элиталық көшеттері, дана
1.	Жаңақорған ауданы	20 000	-
2.	Шиелі ауданы	50 000	-
3.	Сырдария ауданы	10 000	-
4.	Жалағаш ауданы	-	-
5.	Қармақшы ауданы	-	-
6.	Қазалы ауданы	-	-
7.	Арал ауданы	-	-
8.	Қызылорда қаласы	-	-
	Облыс бойынша:	**80 000**	-

Жоба

Қызылорда облысы бойынша субсидиялар көлемдерін белгілеу туралы

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы №4-3/177 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11094 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы бойынша субсидиялар көлемдері белгіленсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) «Аудандар бойынша субсидиялар көлемдерін (басым дақылдардың егістік алаңдарының болжамды құрылымына қарай) белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 23 маусымдағы №498 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5555 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде 2016 жылғы 19 шілдеде жарияланған);

2) «Аудандар бойынша субсидиялар көлемдерін (басым дақылдардың егістік алаңдарының болжамды құрылымына қарай) белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 23 маусымдағы №498 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 қыркүйектегі №581 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5610 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде 2016 жылы 8 қазанда жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы «___»_____№____
қаулысына
қосымша

Қызылорда облысы бойынша субсидиялар көлемдері

Аудан (қала) атауы	Барлық субсидия көлемдері, мың теңге	Оның ішінде күрішке, мың теңге
Жаңақорған	281 447,5	139 500,0
Шиелі	291 395,2	198 000,0
Сырдария	373 263,5	313 200,0
Жалағаш	414 625,0	325 800,0
Қармақшы	334 839,0	255 690,0
Қазалы	190 711,5	122 400,0
Арал	1 637,0	0,0
Қызылорда қаласы	112 082,3	55 836,0
Барлығы	2 000 000,0	1 410 426,0

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ашық есік күні» акциясы аясында Қызылорда облысының прокуроры Х.З.Дауешов **13.06.2017 жылы сағат 15:00-17:00** аралығында Арал ауданы және **14.06.2017 жылы сағат 11:00-13:00** аралығында Қазалы ауданында азаматтарға жеке қабылдау жүргізеді.

Қабылдауға алдын ала жазылу үшін 2017 жылдың 12 маусымына дейін Арал аудандық прокуратурасы тел: 8 (72433) 2-23-85 және Қазалы аудандық прокуратурасы 8 (72438) 2-18-47 телефоны арқылы хабарласу қажет.

Өткізілетін мекен-жайы: Арал және Қазалы аудандық прокуратураларының ғимараты.

Қызылорда облыстық прокуратурасы

ОҚЫРМАН ЖӘНЕ БАСЫЛЫМ

«СЫР БОЙЫ» ГАЗЕТІНІҢ ЖҮЛДЕСІН САРАПҚА САЛДЫ

Шиелі кентіндегі «Тастүлек» теннис клубы салауатты өмір салтын сүйетін жандардың мекені және әртүрлі спорттық шаралар ұйымдастыратын орталық десек болады. Міне, аптаның жұмасы күні облыстық «Сыр бойы» газетінің оңтүстік аудандарындағы оқырмандары үстел теннисінен басылым жүлдесін сарапқа салды. Бұл бәсекеге Шиелі, Жаңақорған аудандарынан 18 ауыл спортшылары қатысты. Аталған сайысты ынталы топ ұйымдастырып, оған өздері демеушілік те жасады.

Облыстық «Сыр бойы» газетінің жүлдесіне арналған үстел теннисі турнирін Шиелі ауданы әкімінің орынбасары Алмасбек Есмаханов ашып құттықтау сөз сөйлесе, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Оразымбетов шежірелі басылымның әрбір санын асыға күтетін оқырманы екендігін алға тартып, ынталы топтың аймақтың аға басылымына деген құрметіне сүйсініп, бұл бастамаға қолдау білдірді. Ал Қазақстанға еңбегі сіңген қызметкер, әнші-сазгер Әлмырза Ноғайбаев өнерінің елге танылуына аға газетте өзі туралы жарияланған мақалалардың себеп болғандығын еске алып, биылғы жылы да басылымға алдыңғы қатардағылар сапында жазылғанын айтып, әннен шашу шашты.

Турнир қорытындысында Жаңақорған ауданынан аграрлық-техникалық колледжінің дене шынынықтыру пәнінің мұғалімі Нұрбол Құлажанов бірінші орынға көтерілсе, II, III орындарға Шиелі аудандық оқушылар үйі үйірмесінен қатысқан Мағжан Шардарбеков және жаңақорғандық Нұрсұлтан Әбдішев иеленді. Үздік өнер көрсеткен және жеңіске деген жігерлілігі үшін аталымына Алтынбек Әуелбеков, Айболат Сағынаев және Нұртуған Ғалымұлы лайық деп танылып, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Шиелі кенті.

ЕРЛІК

ИІРІМГЕ ҮЙІРІЛГЕН ҮШЕУ

Бұл оқиға өткен айдың соңғы күндерінің бірінде Қызылорда қаласындағы «Пищевик» саяжайында орын алған болатын. 66 жастағы қала тұрғыны Базар Сәрсенбаева екі баланы судан алып шықты. Ал, үшіншісіне бара жатқанда, оған 14 жасар Жомарт Орнықбаев көмекке келді.

«Мен отын алуға шыққанмын. Үш жасар шамасындағы жылап тұрған кішкентай қызды көрдім, «ағам суға кетті, ағам суға кетті» деп еңіреп тұр. Бұл кезде қалай қарап тұра алам? Олар әр жерде суға батып бара жатты. Алдымен екі баланы жағаға шығардым. Үшінші баланы сүйреп жүргенімде қолын құлаштап жүзген Жомарт әлдәрменім кеткен маған көмекке жетті», – дейді Базар апай.

Ал №10 орта мектептің 8-сынып оқушысы Жомарт Орнықбаев «Үйден шыққан соң, айқайды естідім. Атам мені дарияда не болып жатқанын білуге жіберді. Үлкен кісі суға батып бара жатқан балаларды бірінен кейін бірін жағаға сүйреп жүр екен. Мен де суға қойып кеттім. Алдымен қолындағы баласын жағаға шығарып алдым. Сонан соң әженің де судан шығуына көмектестім», – дейді оқиға туралы.

Өкінішке орай, бір бала қаза болды. Егер әже мен жасөспірімнің көмегі болмағанда өзенге үшеуі де батып кететін еді.

Мұндай қысылтаяң сәтте ешкім де қарап қалмас, көмекке ұмтылар, қол созар. Мүмкін, олай жасамас...

Сондықтан, әр баланың суға түсіп сергуі қараусыз қалса, сергелдеңмен аяқталатынын есте ұстағанымыз жөн.

Әже мен баланың бұл ісі ерлікке бара-бар. Ерліктің бәрі адам өмірін құтқарып қалумен өлшенеді. Ол кісілерге Рамазан айында сауапты істеріңізге Алла разы болсын делік.

Ал, балалардың судан сақ болғаны абзал.

Айгүл НҰРМАНОВА,
облыстық ТЖД Мемлекеттік тіл және ақпарат тобының бас маманы.

ҚҰҚЫҚ ТАҚЫРЫБЫ ТІЛШІЛЕР КӨЗІМЕН

Есірткіден азат қоғамды қалыптастыру, жастардың жат әдеттен арылу және полиция қызметкерлерінің имиджін көтеру мақсатында ОІД Есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының ұйымдастыруымен «Есірткісіз болашақ» тақырыбында теледидар және баспасөз журналистері арасында үздік туынды сарапталды.

Комиссияның шешіміне сәйкес, I және II орындарды «ҚоғамТВ» телеарнасының редакторлары Баян Құлтанова мен Тілеген Бекарыстанов өзара бөлісті. Ал, «Сыр бойы» газетінің тілшісі Шынар Бекбан келесі жүлделі орынды иеленді.

Бұған қоса, бірнеше журналистке аталымдар бойынша сыйлық табысталды. Есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының бастығы Ермек Искаков жүлдегерлерді марапаттады.

Ш.АЛТЫНБЕККЫЗЫ.

БАЛАНЫҢ БОС УАҚЫТЫ БАҚЫЛАУДА

Облыстық білім басқармасы «Бала еңбегін пайдалануға қарсы 12 күн» ұлттық-ақпараттық науқаны аясында рейд ұйымдастырды. Оған облыстық ішкі істер департаменті, жастар саясаты мәселелері басқармасы мен еңбек саласындағы бақылау басқармасының мамандары және БАҚ өкілдері қатысты.

Баланың бос уақыты бақылауда болуы тиіс. Ал, демалыс кезінде кәмелет жастағы балалар тек ата-анасының рұқсатымен ғана жұмыс жасауы керек. Рейд барысында жауапты мамандар бала құқығының сақталуы, шамадан тыс ауыр жұмысқа жегілмеуі және әрдайым ата-ананың қадағалауында болуы секілді маңызды ақпараттармен бөлісті.

Айта кетейік, 12 маусым – дүниежүзілік балалар еңбегін пайдалануға қарсы күрес күні. Осыған орай, кәмелетке толмағандарды мезгілдік уақытша жұмысқа орналастыру бойынша жұмыстарды ұйлестіру, ата-аналарға, балаларға түсіндірме жұмыстарын жүргізуде.

Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ.

«Саган Дали» табиғи топтамасы –

ӨМІРІҢІЗДІ САҚТАП, ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗДЫ НЫҒАЙТАДЫ!

«Бұл өсімдікті алғаш рет сонау жастық шағымда, Байкалдың оңтүстігінің өсімдіктерін зерттеп жүргенде кездестірген болатынмын. Таулы аймақта табанымнан тозып, ұзақ жүріп, кешке қарай қой бағып жүрген шопанға кез болдым. Ол маған иісі жұпар аңқыған шай ұсынды. Шайға керемет дәм берген бұл қай өсімдік екен деп ойладым. Бір шыны шай ішкеннен-ақ бойымдағы шаршаңқы сезімнің бәрі жоғалып, көңіл көкжиегім кеңіп, ойымның ұштала түскенін сезінгендей болдым. Шопан маған мұның «Саган Дали» деп аталатын өсімдік екенін айтты. Содан бері бұл өсімдік менің сенімді серігіме айналды...»

«Саган Дали» өсімдігінің емдік қасиеттері туралы сібірлік халық емшісі А.В. Емельянцев осылай айтады.

Сәйкестік сертификаты №РОСС RU.MH08.H29129. 04.02.2016 жылдан 03.02.2019 жылға дейін жарамды.

«Саган Дали» бальзамын мынадай ауру түрлеріне қолдануға болады:

- *қан қысымын реттеу үшін, тіпті созылмалы гипертонияда да;*
- *қан айналымын реттеу және қалпына келтіру;*
- *жас ұлғаюына байланысты түрлі өзгерістерге қарсы;*
- *қант диабетіне;*
- *ми қызметінің бұзылуына;*
- *жүрек-қан тамыры қызметінің бұзылуына қарсы, атап айтқанда, атеросклероз, инфаркт пен инсульт алу мүмкіндігін жояды;*
- *ісіктік өзгерістердің алдын алады;*
- *қалқанша безінің қызметі бұзылуына;*
- *ағзадағы зақымданған жасушалардың қалпына келуін қамтамасыз етеді;*
- *белсіздікке қарсы, қалпына келтіру әсері жоғары;*
- *көздің көру қабілетінің төмендеуіне;*
- *өкпе мен тыныс жолы мүшелерінің өзгерістеріне;*
- *тірек-қимыл аппараты кселдері мен артрит, ревматизмге;*
- *жыныс және зәр шығару жүйесі;*
- *бауыр өзгерістері;*
- *ас қорыту органдары мен ұйқы безі қызметінің бұзылуына;*
- *терідегі өзгерістерге (ақтаңдақ, безеу, аллергия, дерматит, псориаз);*
- *ұйқының бұзылуы мен ашушаңдыққа;*
- *ұмытшақтық пен аутоиммунды ауруларға (эпилепсия, полиартрит т.б.).*

«Саган Дали» табиғи компоненттер жиынтығы ауру ағзаға саулық дәнін сеуіп, науқастың әрбір жасушасына жаңа өмір сыйлайды.

«Саган Дали» немесе «Рододендрон Адамс» аталатын бұл өсімдік өзінің пайдалы қасиеттерімен ерекшеленеді. Ал өсімдіктің атауын бүрят тілінен аударғанда «өмірді ұзартушы» дегенді білдіреді. Сондай-ақ, тибеттіктер де бұл өсімдікті емдік мақсатта пайдаланады. Олардың тілінен аударғанда «Ақ қанаттар», өмірді ұзартушы деген мағына береді. Бұл өсімдіктің пайда болуы туралы мынадай қызық аңыз да бар. Аңыз бойынша, ертеде жеңімпаз болып, жауды жеңіп келе жатқан жауынгерлер бойларында тасыған күш-қуаттарын жерге сіңіру үшін Саян қыраттарына найзаларын шаншиды. Арада бірнеше уақыт өткен соң әлгі жерге адамның бойына күш-қуат беретін, денсаулығын нығайтатын өсімдік өсіп шығады.

Бүгінгі медицина тұрғысынан алып қарасақ, «Саган Дали» өсімдігінен жасалған бальзам керемет қуаттандырғыш зат. Ол бүйрек пен жүректің, мидың жұмысын жақсартады. Ер азаматтардың жыныс бездерінің жұмысын қалыптандырып, қуатын арттырады. Шаршауды басып, алкогольді ішімдіктен болатын бас ауруын басады.

***«Саган Дали»** бальзамы көне Сібір емшілерінің білімі негізінде айрықша рецепт бойынша дайындалған. Заманауи технологияларды қолдану арқылы жасалған бальзамның құрамында өсімдіктің барлық табиғи компоненттері мен пайдалы қасиеттері сақталуымен қатар, ағзаға кері әсер тигізуі ықтимал спирт, қант және өзге де консерванттар жоқ. Бальзам құрамындағы табиғи композицияның негізгі компоненті – «Саган Дали» дәрілік шөбі болып табылады. Ал құрамындағы өзге табиғи компоненттер ағзаның сауығуын жеделдетеді. «Саган Дали» бальзамының емдік қасиеті аса жоғары. Оны қатерлі ісік (онкологиялық) ауруларының алдын алуға және емдеуге де қолданады.*

***«Саган Дали»** табиғи композициясы адам ағзасындағы аурудың негізгі себебін анықтап, соған қарсы әсер етумен бірге, көптеген жанама кселдерді де емдейді.*

ТҰТЫНУШЫЛАРЫМЫЗ БІЗ ТУРАЛЫ:

Өмір бойы ұста болып халыққа қызмет етіп, жұмыс атқардым. Жас келген соң, көп аурулар сыр берді. Оның ішінде асқазаным, бауырым қатты ауырып, өт жолым толып, тас пайда болып, ақыры ота жасап өт жолын алдыртып тастадым. Ота жасағаннан кейін де, ас қорытылмай, көп мазам кететін. Оның үстіне 2 аяғым қақсап, жауырыным шаншып қиналатынмын. Көзімнің көруі күннен күнге нашарлап жұмысыма кедергі жасайтын. Көзәйнек кигеннің өзінде, суланып, көзім бұлдырайтын. Минус 2.5, минус 3 мөлшерінде көзәйнек киіп жүретінмін.

Жолдасым Алматы қаласы барған сапарында «Саган Дали» сататын орталыққа соғып, осы дәрінің қасиетін біліп, маған 1 курсын сатып әкеліп берді. Осы кезде «Саган Далидің» үшінші курсын қабылдап жатырмын. Жағдайым өте жақсарды. Ішкен тамағым қорытылып, асқазанның ас қорту жолдары түзеліп, жеңіл сезіндім. Аяққол сырқырағаны да кетті. Көзімнің көруі дұрысталып, жұмысымды көзәйнексіз жасап жүрмін. Ұйқым дұрысталып, көңіл күйім көтеріңкі болып, өзімді өте жақсы сезініп жүрмін. Алғысым шексіз!

Рахымжан Күлжанов,
ОҚО, Шардара қ.

Мен Ишенбаев Өтеген Қожахметұлы, зейнеткермін, жасым 80-де. Бұрын асқазаным тесіп қатты ауыратын. Басымда шу болып, айналып, қан қысымым бір қалыпта тұрмай, бірде жоғары, бірде төмен болып өзгере беретін. Қаншама дәрі-дәрмек іштім, нәтижесі болмады. «Саган Дали» бальзамын алып, пайдаланып жатырмын. Осы бальзамды қабылдағалы ішкен асым дұрыс қорытылып, асқазанымның ауырғаны басылды. Бас ауруы мен қан қысымы өз қалпына келгендей. Қазіргі уақытта денсаулығым жақсарып, өзімді жеңіл жақсы сезінудемін.

Ақтөбе обл.,
Мұғалжар ауд.,
Ақкемер а/ округы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

АКЦИЯ 3+1

3 қорапша алсаңыз

Бір курсқа бальзамның 6 қорабын қабылдау ұсынылады.

4-ші қорапша тегін

БІР ҚОРАПТЫҢ БАҒАСЫ — 4000 теңге.

МЫНА ТЕЛЕФОНДАР АРҚЫЛЫ МАМАННАН КЕҢЕС АЛЫП, ТАПСЫРЫС БЕРІҢІЗ:

8 702 911 55 55, 8 777 114 13 20, 8 727 327 88 02

«САГАН ДАЛИ» ТОПТАМАСЫНЫҢ ҚАСИЕТІ ТУРАЛЫ

СІЗ МЫНА КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН САТЫЛЫМ КЕЗІНДЕ БІЛЕ АЛАСЫЗ:

Қызылорда қаласында 16 маусым күні сағат 10.00-11.00 аралығында Ә.Тәжібаев атындағы кітапханада.
Абай даңғылы, 53 Д, 1-қабат, конференц зал.

КЕЛГЕНДЕРГЕ СЫЙЛЫҚҚА «БРАГШУН» ТАС МАЙЫ БЕРІЛЕДІ.

ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ

Қаладағы А.Пушкин атындағы орталық кітапханада «Абай және Пушкин» атты әдеби кеш өткізілді. Бұл шара орыстың ұлы ақынының туған күніне орай ұйымдастырылды.

Кеште «Евгений Онегин» поэмасынан көрініс көрсетіліп, Пушкин мен Абай арасындағы рухани үндестікті көрсетер өлеңдер оқылды. Сондай-ақ, студенттер ақынның жыр шумақтарын үш тілде жеткізді. Бизнес және құрылыс колледжі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлнұр Қалиева орыстың ұлы ақынына арнауын оқып, кешті қорытындылады.

Шара барысында «Ескерткіш орнаттым мен қолдан келмес» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырмандарға таныстырылды.

Г.ҚАЙЫРБЕРГЕНОВА,
А.Пушкин атындағы орталық кітапхана қызметкері.

Керекті кеңес

САРЫМАЙДЫҢ ПАЙДАСЫ мен ЗИЯНЫ

Сарымай төңірегінде пікірталас көп. Біреулер оны денсаулыққа қауіпті тағам десе, енді бірі сарымайды тамақ рационынан мүлдем алып тастау одан да қауіпті деп жатады.

Сарымай минералды заттарға бай тағам. Оның құрамында калий, фосфор, кальций, натрий, селен, магний, темір, мырыш, мыс және марганец бар. Оған қоса, кейбір түрлерінің құрамында А, Е және К дәрумендерімен қатар, РР, В1, В2, В5 және D дәрумендерін де кездестіруге болады. Дей тұрғанмен, сарымайдың құрамындағы май үлесі адам ағзасына қажетті шамадан 2,5 есе көп екендігін ескеру керек. Осы жағдай холестеринге де қатысты. Зияны: сарымай дене салмағы артық адамға, әлбетте зиянын тигізетін тағам. Сүт өнімдеріне, соның ішінде сиыр сүтіне аллергиясы бар жандарға сарымайды тұтынбаған абзал. Сарымайдан аулақ болудың тағы бір себебі – оның құрамындағы холестерин мөлшерінің тым жоғары болуы. Пайдасы: әйел ағзасында холестерин жетіспеген кезде, бұл оны бедеулікке алып келеді. Оған қоса, майды аз тұтыну – менопауза уақытын жақындата түседі.

Өзінің тамақ рационына қажетті мөлшерде сарымай қосқан адамның асқазанындағы кішкентай жаралар жазыла бастайды. Сондықтан асқазаны ауыратын адамдарға сарымайдан бас тартпаған жөн. Күніне желінген 50 грамм май көз бен сүйек саулығына кепіл бола алады. Сарымай адамның иммунитетін күшейтіп, белсенділігін арттыра түседі. Ағзаға қажетті мөлшері сарымайдың зияны мен пайдасын бір таразы басына қойсақ, пайдасы басымдырақ екендігіне көз жеткізуге болады.

Сары майдан толықтай бас тарту ми жұмысындағы қиындықтарға әкеле алады. Бұл ақыл мен ой-өріске зиянын тигізуі мүмкін. Холестерин ұғымын бұрыннан бері денсаулыққа зияны бар зат деп санаймыз. Бірақ қажетті мөлшерде холестерин ағзамызға өте қажет. Егер сіз күнделікті тамақ рационына 30 грамм сарымай қосатын болсаңыз, бұл сіздің сымбатыңызға қауіп төндірмей, ағзаңыздың сау болуына көмектеседі.

Ш.БЕКБАН.

Жоғары оқу орнына түсуші ТАЛАПКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

(ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінен 2012 жылдың 11 желтоқсанында №12019394 лицензиясы берілген)

2017-2018 оқу жылына талапкерлерден кешенді тестілеуге құжаттар қабылдайды.

Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштер 1 маусым мен 20 маусым аралығында қабылданады.

Шығармашылық мамандықтарға түсетін талапкерлер кешенді тестілеуге құжаттарын **1 маусым мен 20 маусым** аралығында тапсыру қажет екенін назарларына саламыз.

Қабылдау комиссиясының мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 66, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың 5-оқу ғимараты. Байланыс тел.: 23-53-92.

(3-3).

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
***70-00-49, 70-00-52** телефондары арқылы байланысуға болады.*
E-mail: smjarnama@mail.ru

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің тұрғысын көзқарасын білдірмейді. "АҚ"-ақылы қызмет.

Жарнаманың шынайылығына редакция жауап бермейді.

Газет редакциясының компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 8(7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А"

Таралымы 29285
Тапсырыс № 700